



САЙЛАУҒА – 3 КҮН ҚАЛДЫ

ҚОНАЕВ – 110



КЕМЕҢГЕР ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

13

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ӘШЕКЕЙДІҢ ДЕ АЙТАРЫ БАР...

21

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ЖАМАУ-ЖАСҚАУ АЙЫ ЖАРТЫСЫНАН АУДЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.11.2022

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты, қар, тұман.

Күндіз:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

18.11.2022

Түнде:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Таңертең тұман.

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын
(көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №136 (6271) 17 қараша, бейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ – ТУҒАН ЕЛІМІЗ

Әрбір адам ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тиіс



Президент Алматы қаласының жұртшылығымен кездесті

«БІЗ ОТАНШЫЛ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛ БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы Алматы қаласының жұртшылығымен кездесуде ұлттың жаңа сапасы жаңа құндылықтар арқылы қалыптасатынына маңыз беріп, оның негізгі қағидаттарына тоқталды.

– Елімізде жауапкершілік идеологиясы орнығуға тиіс. Ойланбай жасалған бір қадам, аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ашумен істелген бір әрекет бүкіл елге қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан әрбір адам ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тиіс. Біз әрдайым өзара бауырмалдық пен тілектестікті, мейірімділікті дәріптеуіміз керек. Азаматтардың бір-біріне қамқорлығы елге деген жанашырлыққа ұласады. Біз отаншыл және мемлекетшіл болуымыз керек. Шын мәнінде, туған жеріңді сүюден асқан бақыт жоқ. Жүрегі Отаным, елім, жерім деп соққан адам ештеңеден қаймықпайды. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Ең басты байлығымыз – туған еліміз. Сондықтан мемлекет мүддесі қашан да барлығынан биік тұрады, – деді Президент.

2

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР өскелең ұрпақ үшін әрдайым өнеге



Президент Ахмет Байтұрсынұлы ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында ағартушы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйіне барды.

12

ҚЫСҚА...

- Президент Алматыда мультимедиялық автомобиль зауытының іргетасын қалау рәсіміне қатысты.
- Мемлекеттік қызметтердің 90%-ы цифрландырылады.
- Алматыда 20 мыңға жуық бейнекамера орнатылады.
- Алдағы он жылда нарықтағы 60%-ға жуық мамандыққа қажеттілік болмай қалуы мүмкін.
- Қазақстанда жаңа үш төсбелгі пайда болды.
- Жыл басынан бері қазақстандықтарға мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша 364 млрд теңгеден астам жәрдемақы төленді.
- Алматыда 28 сейсмосанция орнатылады.
- Қазақстан 2023 жылы мұнай жеткізілімін тәулігіне 146 мың баррельге көбейтеді.
- Он айда Қазақстан экономикасының өсімі 2,5%-ды құрады.
- АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп келесі сайлауға өз кандидатурасын ұсынуға өтініш берді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы «Жаңа адамдар» қозғалысының белсенді өкілдерімен кездесті.

«Қазақстан азаматтарының, әсіресе, жастардың еңбекқорлық қағидатын ұстануы маңызды. Сырттан көмек күтудің қажеті жоқ. Қазір заман басқа, яғни маңызды шешімдердің уақыты, серпіліс жасайтын сәт. Жастар болмаса, мұнымен кім айналысады?.. Жақында Мен Нью-Йоркте Американың жоғары оқу орындарын бітіріп, америкалық компанияларға жұмысқа орналасқан жастарымызбен кездестім. Мен оларға: «Біз сіздерді Қазақстан азаматтары деп білеміз. Сіздер – қазақ-сыздар. Нью-Йорк немесе Еуропа елдері болсын, әлемнің дамушы елдері болсын, қай жерде жұмыс істесеңіз де, қазақ болып қаласыздар» деп айттым, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жастар өкілдерін толерантты, дамыған қоғамды бірге құруға шақырды, жауапкершілік мәселесін де қозғады. Мемлекет басшысының пікірінше, жастар өзін-өзі ұдайы жетілдіріп, жан-жақты дамытып, тіл үйренуі қажет. Президенттің айтуынша, тек жауапкершілігі бар азаматтар ғана өзінің мемлекеті үшін міндеттеме ала алады. «Шын мәнінде, біз қоғамымызда тәртіп пен заң үстемдігі культін орнатуға ұмтылуымыз керек. Менің міндетім – еліміздің заңдары әділ болғанын, адамдардың ол заңдарға сенуін қамтамасыз ету. Осы заң аясында қоғамымызда тәртіп болуын талап етеміз», – деп мәлімдеді Президент.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қазақстанның биылғы 10 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы қаралды.

Премьер-Министр бүгінгі таңда ел экономикасы қалыпты өсу қарқынын сақтап отырғанын, нақты сектор экономиканы тұрақтандырудың негізгі факторы ретінде дамудың оң үрдісін көрсетіп отырғанын атап өтті. Әлихан Смайыловтың айтуынша, ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту – экономикалық өсудің маңызды факторы. Жалпы, аталған кезеңде негізгі капиталға инвестициялардың өсуі 6,7%-ды құрап отыр. Үкімет басшысы барлық негізгі макроқорсеткіштер бойынша Қостанай, Ақмола, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында өсім бар екенін қоса айтты. Ең төменгі қарқын Ұлытау, Абай және Маңғыстау облыстарында тіркелді. «Өңір әкімдіктері жоспарланған көрсеткіштерді қамтамасыз етіп, инвестиция тарту жұмыстарын жандандыруы қажет. Сондай-ақ, инвестициялық жобаларды іске асыруға тұрақты мониторинг жүргізуі тиіс», – деді Үкімет басшысы.

■ ҚАРЖЫЛЫҚ МОНИТОРИНГ

Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлиманов Президентке Агенттіктің биылғы 10 айда атқарған жұмысы туралы есеп берді.

Мемлекет басшысына қылмыстық істерді жаппай қозғау тәжірибесінің жойылғаны және адал бизнесті қылмыстық қудалаудың азайғаны жөнінде баяндалды. Соның нәтижесінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдарының саны жыл сайын азайып келе жатқаны байқалады. Атап айтқанда, өткен жылмен салыстырғанда тіркелген істер саны 30 пайызға төмендеген. Жанат Әлимановтың айтуынша, қабылданған шаралар келтірілген шығындарды өтеуге, 300 миллиард теңгеден астам активті қайтаруға мүмкіндік берді. Жиырма бес ұйымдасқан қылмыстық топтың жолы кесілді. Ақшаны қолма-қол шығарумен айналысатын 119 топтың қызметіне тосқауыл қойылды. 25 қаржы пирамидасы жойылып, жәбірленушілердің 8,3 миллиард теңге шығыны өтелді. Қаржылық пирамидалармен күрес аясында заңсыз мазмұндағы 8,8 мыңға жуық сайт пен аккаунт бұғатталған. Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында қаржылық барлау қызметі есірткі сататын 15 интернет-дүкенді әшкерелеген. Олардың жалпы сауда айналымы 4,4 миллиард теңгені құрайды және 27 мыңнан аса азаматты қамтыған. Кездесу соңында Мемлекет басшысы қаржы пирамидалары мен алаяқтық әрекеттердің жолын кесу бойынша жұмысты жалғастыруды, сондай-ақ Агенттіктің өз ішінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейтуді тапсырды.

■ ЗЕЙНЕТАҚЫ

2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) 108 993 теңге болды. Биылғы жылдың 10 айында қазақстандықтарға 2,4 трлн теңгеден астам сомаға зейнетақы төленді.

2022 жылғы қазанда республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 245,1 млрд теңге, оның ішінде базалық зейнетақыны төлеуге – 74,6 млрд теңге, ынтымақты зейнетақыны төлеуге – 170,5 млрд теңге бөлінді. 2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 268 мың адам.

Еске сала кетсек, 2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалады. Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады. Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ егер мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ын құрайды, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Мысалы, егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 74%-ын, ал 30 жыл болса, онда 94%-ын құрайды. Еңбек өтілі 33 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде белгіленеді. Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды. Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады. Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

■ ПРЕЗИДЕНТ

БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ –

Әрбір адам ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тиіс



(Басы 1-бетте)

АЛМАТЫ – ЕЛІМІЗДІҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫНЫҢ
ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ ЖӘНЕ
КӨШБАСШЫСЫ

Президент қала жұртшылығымен кездесу барысында Алматының ел тарихында айрықша орын алатынын атап өтіп, осы қалада Егемендік декларациясы мен Қазақстанның Тәуелсіздігі жарияланғанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев шаһарды өркендетуге қатысты ой-пікірін айта келе, бірнеше бағытта атқарылуға тиіс жұмыстарға назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, ең алдымен, қала экономикасын әртараптандыру арқылы оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету қажет. Алматы – еліміздің экономикалық дамуының қозғаушы күші және көшбасшысы.

Жалпы, ішкі өнімнің бестен бір бөлігі, бюджет кірісінің 25 пайыздан астамы және Қазақстанның сауда операцияларының үштен бір бөлігі осы қалаға тиесілі. Жыл басынан бері қала экономикасына 930 миллиард жеке инвестиция тартылған. Кәсіпкерлік дәйекті дамып келеді. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 30 пайызға өскен.

– Экономиканың әртараптандырылу деңгейінің төмен болуы қала тұрғындары табысының өсімін баяулатады. Қала «орташа табыс тұзағына» түсті, одан шығу үшін қала экономикасын түбегейлі әртараптандыру қажет. Өңдеу өнеркәсібін, туризмді, IT секторын және креативті индустрияны дамытуға баса назар аудару керек. Бәсекелестікті ынталандыру, инвестиция тарту және еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыру қажет. Қала жағдайындағы өңдеу өнеркәсібін дамыту ісі экологиялық таза және ықпалды заманауи технологияларды қолдана отырып, үдерістерді жоғары деңгейде автоматтандырумен және цифрландырумен қатар жүзеге асырылуы керек. Алматының индустриялық аймағы мен «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің әлеуетін толық пайдалану қажет, – деді Президент.

«АГЛОМЕРАЦИЯЛАРДЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ» ЖАҢА ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАДЫ
Мемлекет басшысы өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып,

Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдеріне Алматы агломерациясының аясында өңдеу өнеркәсібін бірлесіп дамытуды тапсырды. Сондай-ақ, осы мақсатта жыл аяғына дейін екі аймақтың тығыз ынтымақтастығына негіз болатын «Агломерацияларды дамыту туралы» жаңа Заң қабылданынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі IT компаниялардың 40 пайыздан астамы Алматыда орналасқанына тоқталып, азаматтардың маңызды бастамаларын жүзеге асыру үшін жақын арада қалада хабтар мен кластерлер іске қосылатынын жеткізді. Сондай-ақ, бастапқы қаржыландырылу сомасы 10 миллиард теңге болатын қалалық венчурлық қор құру жөніндегі жергілікті биліктің идеясын қолдайтынын атап өтіп, бұл жобаға жеке кәсіпкерлерден қаржы тартудың маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысы қаланың барлық ауданын бірдей дамыту және тұрғын үй құрылысын жандандыру керек екеніне назар аударды. Президент бірқатар түйткілді мәселені атап өтіп, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына баса мән беру қажеттігін жеткізді.

– Бірқатар ауданда орталықтан берілетін су жоқ. Алматының 30 мыңға жуық тұрғыны суды тапсып ішеді. Әкімдікке 3 жылдың ішінде барлық тұрғындарға орталықтан су беруді тапсырамын. Алдағы 2 жылда Қарғалы, Ақсай өзендерінен су алатын 2 ірі құрылыны іске қосу керек. Наурызбай және Алатау аудандарында су жинайтын жаңа орталықтар салу қажет. Бұл шаралардың арқасында 150 мың адамға су беріледі. «Ерменсай» және «Барлық» өзендерінен су тарту жүйесін де іске қосу маңызды. Су – тіршілік көзі. Тұрғындардың өмір сапасы тікелей суға тәуелді. Сондықтан сумен қамтамасыз ететін жаңа желі салу, жаңғырту жұмысын басты назарда ұстау керек, – деді Президент.

ТҰРҒЫН ҮЙ
ТАПШЫЛЫҒЫН АЗАЙТУ –
АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев қала халқының саны күн өткен сайын өсіп келе жатқанына тоқталып, тұрғын үй құрылысына айрықша мән берілетінін айтты. Оның айтуынша, Алматы тұрғындарының көпшілігі, әсіресе, жастар үшін баспана – ең өзекті мәселе. Жастардың баспана алуына жан-жақты жағдай жасау керек.

– Бұл – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Әкімдік жалға берілетін тұрғын үй салу үшін инвесторларға тартымды болатын тиімді тәсілдер ойластыруға тиіс. Бірақ жалдамалы үйлер тым қымбатқа түспеуі керек. Ондай пәтерлер, ең алдымен, қолжетімді болуға тиіс. Жалпы, Алматы жастары үшін баспаналы болу қол жетпес арман болмауы керек. Басында баспанасы бар жастардың ертеңгі күнге деген сенімі артады. Қалада тұрғын үй тапшылығын азайту – аса маңызды міндет. Келесі жылдан бастап тұрғын үй құрылысын жыл сайын 10 пайызға арттыру қажет. Әрине, Алматыда бос жер аз. Бұл жағдай құрылыстың қарқынын күшейтуге кедергі келтіруі мүмкін. Сол себепті, жаңа жерлерді игеру керек. Қалада 1500-ге жуық ескі үй бар. Шағын аудандарда тұрған мұндай үйлерге күрделі жөндеу жүргізген жөн. Әкімдікке осы шаруаны кезек-кезеңмен жүзеге асыру үшін нақты жоспар әзірлеуді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МЕТРО ЖЕЛІСІ
КЕҢЕЙЕДІ

Президент Алматының жол-көлік жүйесіне де арнайы тоқталды. Бірнеше сағаттық көлік кептелістері азаматтардың денсаулығына әсер етіп қана қоймай, қала экономикасы мен экологиясына да айтарлықтай зиян келтіреді. Сондықтан адамдарға «жайлы қала» қағидатын іске асыруға мүмкіндік беретін үйлесімді және теңгерімді жол-көлік кешенін салу маңызды.

– Қоғамдық көліктердің тартымдылығын дәйекті түрде арттыра отырып, жеке көліктерді пайдалануды азайту жайын ойластыру керек. Ол үшін метро желісін кеңейтуді жалғастыру қажет. Ескірген және экологияға зиян келтіретін көлік түрлерінен бас тарту керек. 2025 жылдан кейін Алматы көшелерінде дизельді автобустар қалмауға тиіс. Оларды газбен және электр қуатымен жүретін көліктер алмастырады. Алматыда оны табысты дамытудың мол тәжірибесі бар. Транзиттік жүк тасымалының басым бөлігін Үлкен Алматы айналасына көшіру де қалаға оң әсерін тигізеді. Бұл үшін 6 радиалды және 4 ішкі негізгі көше салу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Жуырда Алматы мен Қонаев қалалары арасында электр пойызы-



ТУҒАН ЕЛІМІЗ

ның қозғалысы қайта қалпына келгенін еске салған Қасым-Жомарт Тоқаев Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері қала маңындағы теміржол қатынасын одан әрі жандандыру жоспарын әзірлеуі қажет екенін айтты.

Президент экология мәселесі үнемі назарында екеніне тоқталып, алматылықтарды қаладағы ауаның ластануы қатты алаңдатып отырғанынан хабардар екенін жеткізді. Оның айтуынша, жыл сайын атмосфераға шығарылатын зиянды қалдықтың көлемі 125 мың тоннаға жуықтайды. Ауаны негізінен автокөліктер, қалалық жылу электр станциялары, өнеркәсіп кәсіпорындары және газ тартылмаған жер үйлер ластайды. Мегаполисте ауаның таза болуына тығыз әрі ретсіз салынған ғимараттар да кедергі келтіріп тұр. Осы ретте Мемлекет басшысы әкімдікке өнеркәсіп кәсіпорындарының экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтауын қатаң қадағалауды тапсырып, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 орталықтарын газға көшіру арқылы зиянды қалдықтарды он еседен астам төмендетуге болатынын айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда 2030 жылға дейін 2,5 миллион ағаш отырғызу жоспарланып отырғанын айтты. Ең бастысы, абаттандыру жұмыстары суармалы судың қолжетімділігі мен қала жоспарын ескере отырып, мазмұнды әрі біркелкі жүргізілуі керек. Алматыда 136 саябақ бар. Олардың қатарын көбейтіп, абаттандыру жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізу керек.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Мемлекет басшысы Алматының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту қажет екеніне тоқталды.

— Алматы тұрғындарының саны жыл сайын өсіп жатыр. Соның 60 пайызы көші-қон есебінен жүзеге асады. Бұл жағдай қаланың әлеуметтік инфрақұрылымына елеулі әсер етеді. Қазір қаладағы балабақшаларда 19 мыңнан астам орын жетпейді. Бұл тапшылықты азайту үшін мемлекеттік және жекеменшік балабақшалар салу керек. Сондай-ақ, балаларды мемлекеттік білім тапсырысы арқылы мектепке дейінгі жеке білім беру мекемелеріне орналастыру қажет. Әкімдікке үштен алты жасқа дейінгі балалардың 97 пайызын мектепке дейінгі біліммен қамтуды тапсырамын. Бұл міндетті 2025 жылға дейін орындау керек. Оқушылардың саны жыл сайын орта есеппен 12–15 мыңға артып келеді. Сол себепті, мектептерде орын тапшылығы жоғары. Қазір 29 мыңнан астам оқушыға орын жетпейді. Бұл ахуал оқушылардың сапалы білім алуына кері әсер етеді. Менің тапсырмаммен Алматыда алдағы екі жыл ішінде «Жайлы мектеп» жобасымен 37 мың орынды 22 мектеп салынады. Басты міндет — 2030 жылға қарай бір ауысыммен оқытуға толық көшу, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қаланың денсаулық сақтау саласына қатысты негізгі міндет — инфрақұрылымды дамыту және қызмет көрсету сапасын арттыру екенін айтты. Алматыда емханалар мен ауруханалар әбден ескірген. Тұрғын үйлер салған кезде әлеуметтік нысандар дұрыс жоспарланбайды. Қасым-Жомарт Тоқаев осындай түйткілдерді атап өтіп, әкімдік жаңа медициналық нысандар салып, ескілерін жаңғырту үшін арнайы жоспар әзірлеуі керек екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше күтімді қажет ететін жандарға жан-жақты қолдау көрсету аса маңызды деп санайтынын және оларға мейлінше ыңғайлы қоғамдық орта қалыптастыру керек екенін айтты.

— Қазақстанда ешкімнің құқығы шектелмеуі керек. Қазір Алматыда 55 мыңдай мүмкіндігі шектеулі адам тұрады. Оның 13 мыңы еркін жүріп-тұра алмайды. Оларға кедергісіз орта қалыптастыру қажет. Бұл жұмыс мүмкіндігі шектеулі жандар ғана емес, қарт кісілер және балалар үшін де өте маңызды. Сондықтан әкімдік қаладағы әлеуметтік нысандардың бәрін осындай жандардың қажеттілігіне бейімдеуі керек. Халыққа қызмет көрсету орталықтарын, ауруханалар мен емханаларды, білім беру және спорт мекемелерін осы талапқа сай ыңғайлау қажет, — деді Мемлекет басшысы.

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

Кездесуде Президент қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қалалық басқарма жүйесін цифрландыру мәселелеріне арнайы тоқталды. Оның айтуынша, биыл Қазақстанда тіркелген жалпы қылмыстың бестен бірі Алматыда жасалған.

— Әкімдік 2025 жылға дейін қала көшелері мен қоғамдық орындарды жүз пайыз жарықпен қамтамасыз етуі керек. Тағы бір маңызды бағыт — бейнебақылау жүйесін дамыту. Бүгінгі таңда Алматыда 128 мыңнан астам жеке бейнебақылау камералары орнатылды, оның төрттен бір бөлігі ғана қалалық полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылған. Әкімдік жеке бейнебақылау жүйелерін бірыңғай диспетчерлік пунктке біріктіру жөнінде ереже қабылдауы керек. Әрине, жекеменшік иесінің келісімі арқылы. Сонымен қатар, бейнебақылау құрылғыларымен қамтылмаған учаскелерге 20 мыңға жуық камера орнату қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІ ӨРКЕНДЕТУ ҮШІН ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Алматы ғылым мен білімнің орталығы екенін атап өтіп, ғылымды дамыту мәселесіне ерекше назар аударды.

— Елімізге өмір жолын ғылымға арнаған, нақты ғылыми жетістігі бар адамдар керек. Отандық ғылымдар құрамын жасарту қажет. Бұл — уақыт талабы. Сондықтан Ғылым академиясына ғылымға жаны аштығын, ғылыми әлеуеті зор азаматтарды ғана көптеп тарту қажет. Біз ғылым мен өндірісті ұштастыру туралы жиі айтамыз. Бірақ ондай байланыс әлі де орныққан жоқ. Ащы болса да, мұны мойындауымыз керек. Отандық өндірісті өркендету үшін ғылыми жаңалықтар қажет. Ғылымдарымыздың еңбегі сапалы өнім шығаруға немесе өндірісті тиімдірек етуге септігін тигізуге тиіс. Сонда ғана экономикамыз дамиы. Осы орайда, мен тағы бір маңызды бастама — Президент жанынан Ғылым мен технология мәселелері жөнінде ұлттық кеңес құру туралы шешім қабылдадым, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент әйелдердің құқығын қорғау ісіне де назар аударып, соңғы жылдары бұл мәселеде айтарлықтай ілгерілеу бар екенін атап өтті. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы еліміз ұлттық мүддені қорғауға, әлемде бейбітшілікті, өзара сенім мен ынтымақтастықты ілгерілетуге бағытталған белсенді сыртқы саясат жүргізіп отырғанын атап өтті.

— Халықаралық мәселелерде Қазақстан әрқашан Біріккен Ұлттар Ұйымының әмбебап қағидастарын сөзсіз қолдайды. Қазіргі күрделі геосаяси және геоэкономикалық жағдайларда БҰҰ-ның рөлі бірнеше есе артып келеді. Оған балама жоқ екеніне сенімдіміз, — деді Президент.

ЕЛ ТАҒДЫРЫ СЫҢҒА ТҮСКЕН ЖАУАПТЫ СӘТ

Кездесу барысында Мемлекет басшысы қаңтар оқиғасының еліміз үшін зор сынақ болғанын атап өтті.

— Қаңтар оқиғасының астарына үңілесек, оның себептері айқын көрінеді. Елімізде ұзақ уақыт әлеуметтік әділдік назардан тыс қалды. Мемлекет пен қоғамның арасы ашақтап кетті. Жылдар бойы иешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерден жұрт әбден қажыды. Бұл — түсінікті жайт. Алайда, қылмыскерлердің көздерінен басқа еді. Олар бейбіт шеруді жаппай тәртіпсіздікке айналдырғысы келді. Алдын ала әзірлеген арандатушылар, бұзақылар, тіпті қарақшыларды пайдаланды. Соның кесірінен Алматыдағы жағдай күрт нашарлады, тіпті, бақылаудан шықты. Қылмыскерлер әкімшілік ғимараттарды басып алды. Көшелерді жауып, жолында кездескеннің бәрін қиратты, тонады. Қысқасы, ойларына не келсе, соны істеді. Бірақ қандай жағдай болсын, азаматтарымыз, ең бастысы, Алматының асқақ рухын құлатқан жоқ. Қала тұрғындары жұдырықтай жұмылды, сүйікті қаласын қорғап қалу үшін бірікті. Әрине, содырлардың мұндайды күтпегені айдан анық. Еліміздің алтын бесігі — Алматыны қиратып жатқаны осы қаланың перзенті ретінде менің де жаны-

ма батты. Дегенмен, дәл сол сәтте абдырап, уақыт ұттыруға еш қақымыз болған жоқ. Онда әбден дандайсып кеткен қарақшылар қаламызды күл-талқан етер еді. Ел тағдыры сыңа түскен жауапты сәтте халқымыз мызғымас бірлігі мен қайтпас қайсарлығын танытты. Мемлекетімізді сақтап қалу үшін біз қандай тәуекелге де баратынымызды айқын көрсеттік, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент қылмыскерлердің қолшоқпары болған, арандап қалған жандарға кешіріммен қарау керек деген шешімге келгенін айтты.

— Мен ауыр қылмыс жасамаған осындай азаматтарға кешіріммен қараған жөн деп шештім. Осыған орай, Рақымышылық туралы заң қабылданды. Бұл — адамгершілік тұрғыдан дұрыс қадам. Өйткені, кешірім — ізгіліктің белгісі. Қажетті заңдық рәсімдерден кейін рақымышылық жасалған адамдар босатылып, отбасына оралады, — деді Мемлекет басшысы.

ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫ ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Мемлекет басшысы Алматы қаласының жұртшылығымен кездесуде қазақ халқы үшін маңызды қасиеттер мен құндылықтарға тоқталды.

— Соңғы бірнеше жылда саяси реформа аясында көптеген өзгеріс жасадық. Бірақ біз тек саяси мәселемен шектеліп қалмамыз. Алда экономикалық, әлеуметтік және басқа да бағыттар бойынша ауқымды жұмыс тұр. Дегенмен, түпкі мақсатымызға жету үшін бұл жеткіліксіз. Біз өзгерісті, ең алдымен, өзімізден бастауымыз керек. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруымыз қажет. Әр азаматтың, бүкіл қоғамның санасы өзгермейінше, басқа реформаның бәрі бекер. Ұлттың жаңа сапасы жаңа құндылықтар арқылы қалыптасады. Бірінші маңызды мәселе. Біз еңбекқор болуымыз қажет. Қоғамымызда еңбек адамы бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы — адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы — өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету. Түрлі қаржы пирамидасына, құмар ойындарға әуес адамдар ақшаның оңай жолмен келмейтінін түсінуі керек. Маңдай терімен табыс тапқан адам оны мақсатсыз шашып, ысырап қылмайды. Унемшіл, қанағатшыл әрі ұқыпты болады...

Біз жастарға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беруге тиіспіз. Ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетті сіңіре алмасақ, білімнің пайдасынан зияны көп болуы мүмкін. Қанша жерден білімді болса да, жақсылыққа ұмтылмаған адамнан еш қайыр жоқ. Қоғамда дұрыс құндылықтар орнықпаса, жемқорлық, масылдық, ысырапшылық сияқты әлеуметтік кеселдер тамыр жаяды. Қатыгездік, немқұрайлық, жалқаулық — ұлттың болмысына теріс әсер ететін жағымсыз әдеттер. Қазіргі алмағайып заманда біз сабырлы, байыпты болуымыз қажет. Түрлі арандатуға ілеспей, әр нәрсеге ұстамдылықпен қарауымыз керек. Барлығын бір сәтте өзгертеміз деуге болмайды. Халыққа қажетті шараларды біртіндеп жүзеге асырып жатырмыз. Елімізде жауапкершілік идеологиясы орнығуға тиіс. Ойланбай жасалған бір қадам, аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ашумен істелген бір әрекет бүкіл елге қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан әрбір адам ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тиіс. Біз әрдайым өзара бауырмалдық пен тілектестікті, мейірімділікті дәріптеуіміз керек. Азаматтардың бір-біріне қамқорлығы елге деген жанашырлыққа ұласады. Біз отанымыз және мемлекетшіл болуымыз керек. Шын мәнінде, туған жеріңді сүюден асқан бақыт жоқ. Жүрегі Отаным, елім, жерім деп соққан адам ештеңеден қаймықпайды. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Ең басты байлығымыз — туған еліміз. Сондықтан мемлекет мүддесі қашанда барлығынан биік тұрады, — деп тұжырымдады Президент.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы еліміздің дамуына ерен еңбегімен үлес қосып жүрген бірқатар алматылық азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



АЛМАТЫНЫҢ ЖЕР КӨЛЕМІ 68,3 МЫҢ ГА
Қала аумағы соңғы 16 жылда 2 есеге ұлғайған.



Соңғы екі айда мегаполис мүддесі үшін 135 МЛРД теңгеден астам қаражат құйылған.



Алматының 22 000 кәсіпорны креативті индустрия саласында жұмыс істейді.



Биыл Алматыда 8 жаңа мектеп ашылды.



Жаңа жылдан бастап Алматыда мектеп автобустары жүреді. Автобустарға 2 МЛРД теңге бөлінген.



● ПРЕЗИДЕНТ

МУЛЬТИБРЕНДТІ АВТОМОБИЛЬ ЗАУЫТЫ

Мемлекет басшысы Алматыға жұмыс сапары аясында
Changan, Chery, Naual маркалы автомобильдер шығаратын зауыттың іргетасын қалау рәсіміне қатысты

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Президентке жобаның төлқұжаты таныстырылып, 2024 жылдың төртінші тоқсанында ашылады деп жоспарланған зауыттың үлгісі көрсетілді. Зауыттың өндіріс аумағы 100 мың шаршы метрден асады. Үш автокөлік маркасының әрқайсысы үшін дәнекерлеу және құрастыру жұмыстарына арналған жеке цех салынады.

Зауыт іске қосылғаннан кейін оның өндірістік қуаты жылына 90 мыңнан астам көлік шығаруға жетеді. Инвестицияның жалпы құны 100 миллиард теңгеден асады. «Astana motors» компаниясы 2200-ге жуық жұмыс орнын ашады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жобамен та-



Алматы - 2022 жылғы 15 қараша



нысқан соң зауыт жұмысшыларымен әңгімелесті.

— Бұл жоба елімізге өте қажет. Сондықтан тәуекел дейміз. Зауыттың жұмысына

сәттілік тілеймін. Қытай Төрағасы Си Цзиньпин мырза биыл Қазақстанға келген кезінде келіссөз жүргіздік. Соның ішінде осы жоба туралы да әңгімелестік. Нәти-

жесінде міне, бұл жоба іске асырыла бастады. Құтты болсын! — деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Алматыда жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 16 қарашадан бастап №14 маршрутқа 15 жаңа автобус шығарылатын болады. Алдағы уақытта оның санын 18-ге жеткізу жоспарда бар.

ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ



Қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, соңғы айларда аталған маршрутта жоспарлы шығу 30–40%-ға дейін төмендеп кетті. Сол себепті, қызмет көрсетуді басқа тасымалдаушы компанияға беру туралы шешім қабылданды.

Басқарма қызмет көрсету сапасын жақсартып, жүріс жиілігін арттыру бағытында бірқатар шара қабылдап жатыр. Маршруттарда туындаған мәселелер кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады.

● ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«ТОҚТА! ДАЙЫНДАЛ! ЖҮР!»

Алматы көшелеріндегі 496 бағдаршам автоматты жүйеге қосылған

Миллиондаған тұрғыны бар Алматы көшелерін бағдаршамсыз елестету мүмкін емес. Көше желісіндегі көліктер мен жолаушылардың қауіпсіз қозғалысын реттеп отыратын бағдаршамдардың тәуліктің қарбалас шағында көрсетер көмегі көп.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



дай жасайды. Сондай-ақ, «ақылды» бағдаршамдар датчик-детекторлар арқылы жол жүру ережелерін бұзуды да тіркеп отырады. Егер жүйеде ақау туындаса, бағдаршамдар автономды жұмыс режиміне көшіп, қиылыстар дәстүрлі әдіспен реттеледі.

Алматыдағы бағдаршамдардың жұмысын қадағалау қызметін «СМЭУ Алматы» ЖШС атқарады. Ал оның ақаусыз жұмыс жасап тұруын Орталық басқару пункті тәулік бойы қадағалап отырады. Бағдаршамдар алдын ала есептелген арнайы режимдерге автоматты түрде қосылады. Режимдерді (программалар) жол полициясы бекіткен схемаға сәйкес және әр бағыт бойынша қозғалыс қарқынын зерттеу арқылы мамандандырылған ұйымның инженер-технологтары есептеп шығарады. Бағдаршамдардың осы режимдерде дұрыс жұмыс жасауын орталық басқару пункті мамандары бақылайды. Осы арада жол апаттары салдарынан бүлінетін бағдаршамдарды кім жөндейді деген сауал туындауы заңдылық. Жалпы, жол көлік оқиғасы кезінде бағдаршамды бүлдірген тұлғаны анықтау полициялардың міндеті. Дегенмен, қалада істен шыққан бағдаршамды көрген жағдайда кез келген Алматы тұрғыны +7 (727) 292-60-68 телефон номері бойынша хабар бере алады. Мамандар келіп түскен ақпарат бойынша бірден шара қолданады.

«Бүлінген құрылғыларды жөндеуге жұмсалатын қаражат көлемі жүргізілетін жұмыстың қиындығына, бұзылу дәрежесіне байланысты әртүрлі болады. Сондықтан нақты бір соманы атап айту мүмкін емес» дейді мамандар.

Ғаламтор бетіндегі деректерге сүйенсек, еліміздегі алғашқы бағдаршам 1938 жылы Алматыда Красноармейск көшесінде, яғни қазіргі Панфилов және Гоголь көшелерінің қиылысына орнатылған екен. Білуімізше, алғашқыда Алматы көшелерінде небәрі 11 бағдаршам болыпты. Өйткені, ол кезде қалада 8 мыңға жуық қана көлік болған көрінеді. Кейіннен электронды бағдаршамдар қолданысқа енгізіліп, ол бірінші рет Байтұрсынов пен Райымбек батыр көшелерінің қиылысына қойылған.

● СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

- Алматыда алғашқы бағдаршам 1938 жылы қазіргі Панфилов және Гоголь көшелерінің қиылысына орнатылған екен.
- Әлем халықтарының күнтізбесінде халықаралық бағдаршам күні бар. Ол 1914 жылдың 5 тамызынан бастап тойланады.
- Әлемдегі ең алғашқы бағдаршам осыдан тура 108 жыл бұрын, яғни 1914 жылы 5 шілдеде Американың Кливленд қаласында орнатылған.
- Лондонда бағдаршамға арналған ең үлкен ескерткіш орнатылған.
- Берлинде 13 белгісі бар бағдаршам бар.

Ал бүгінгі Алматының жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту және қауіпсіз жол инфрақұрылымын құру мақсатында биыл жалпы қала бойынша көшелерге 97 бағдаршам орнатылды. Оның ішінде 29 бағдаршам көше қиылыстарында орналасқан. 68 бағдаршамда шақыру батырмасы бар, яғни жаяу жүргіншілердің сұранысымен ғана іске қосылады.

Жапондық NTT Corporation телекоммуникациялық компаниясының есебіне сүйенген сарапшылардың болжамынша, болашақта қала жолдарында бағдаршамдар, жол белгілері және кептеліс азаяды. Олардың орнын 5G арқылы бір-бірімен байланысып, қозғалысты өздері үйлестіріп, жолдағы қиындықтарды бір-біріне ескертіп отыратын жүргізушісіз ақылды көліктер басатын көрінеді. Алайда, оның біздің елге қашан жететініне уақыт қана төреші.

Ал әзірге күндіз-түні түстерін алма-кезек ауыстырып, бағыт-бағдар беріп тұратын бағдаршамға біз күніне бірнеше мәрте жолығатынымыз анық. Ең бастысы, «Тоқта! Дайындал! Жүр!» деген шамдарды шатастырмай, көшеден абайлап өтейік. Өйткені, жол бойындағы қауіпсіздікті бақылап, қызыл-жасыл көздерімен үнсіз ғана тіл қатып хәм басқарып тұрған бағдаршамдар жол-көлік инфрақұрылымындағы қозғалысты реттеуге арналған бірден-бір құрылғы хәм көмекші.



БІЛІМ

ҒЫЛЫМ – АЛЫП ИНДУСТРИЯ

Сапалы білім – адамды қоғамдық ортаға бейімдейтін маңызды институт



ҒЫЛЫМНЫҢ АШЫҚ ҮЛГІСІН ЕНГІЗУ – ЕҢ ТИІМДІ ТӘСІЛ

Мемлекет басшысы студенттермен қатар еліміздің білім беру жүйесінде педагог та басты тұлғаға айналуға тиіс екенін жеткізді. Сондай-ақ, бұл мәртебелі мамандық иесінің беделін арттырудың ерекше маңызы бар екенін айтты.

– Үкімет 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап оқытушылардың, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарындағы ғалымдардың еңбекақысын ұлғайту механизмдерін нысықтауы керек. Біз барлық азаматқа бірдей мүмкіндік беретін қоғам құрып жатырмыз. Сондықтан мемлекет сапалы жоғары білімге қолжетімділікті арттыру үшін нақты шаралар қабылдайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өз сөзінде инженерлік-техникалық салаға мән бере отырып, еліміздің жоғары оқу орындарына білім беру гранттарын бөлудің маңызы зор екеніне тоқталды.

Сонымен қатар, Президент студенттерді оқыту және жатақханамен қамтамасыз ету мәселесіне лайықты көңіл бөлуге шақырды.

– Бүгінде Алматыдағы 37 мың студентке жатақхана жетіспейді. Құрылыс қарқыны қазіргідей бәсең болса, біз бұл мәселені шеше алмаймыз. Оның үстіне, халық саны, студенттердің саны жыл өткен сайын артып келеді. Үкімет келесі жылы 1 сәуірге дейін жатақхана тапшылығын жою үшін тың тәсілдер әзірлеуге тиіс. Ең алдымен, Алматыдағы ахуалды ретке келтіру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ғылымның ашық үлгісін енгізу ең тиімді тәсіл екенін атап өтті. Сондай-ақ, бұл университеттерге жеке сектормен тығыз ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді деп санайды.

– Менің тапсырмаммен Үкімет салық жеңілдіктерін жасау арқылы бизнесті бұл іске жұмылдыру тәсілдерін әзірлеп жатыр. Бизнесті ғылыми-зерттеу жобаларына қаржы салуға ынталандыру өте маңызды. Жер қойнауын игеретін компанияларға зерттеу жұмыстарына қаржы бөлуді міндеттеу керек. Ол үшін заңдарды жетілдіріп, тиісті өзгертулер енгізу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ХАБЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Президенттің пікірінше, ғылымды дамытудың мұндай стратегиясын жүзеге асырудың тағы бір жолы – эндаумент-қорлар.

– Мен Сәтбаев университетінің жанынан жаңа технологиялардың ғылыми-зерттеу хабын құру туралы тапсырма бердім. Оның инфрақұрылымын техникалық оқу орындарының бәрі пайдалануына болады. Үкімет ғылыми-зерттеу хабтарын қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруы қажет. Хабарды мемлекеттің инвестициялық жобаларының санатына қосу арқылы бұл мәселені шешуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы сапалы білім алу адамды қоғамдық ортаға бейімдейтін, оның бойына ізгі құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын сіңіретін маңызды институт екенін айтты.

– Біздің студенттеріміз бен жас ғалымдарымыз реформаларға қолдау білдіріп, өзгерістерге сенетіні сөзсіз. Біз бұл өзгерістердің бәрін еліміздің келешегі – бүгінгі және ертеңгі жастар үшін жасап отырмыз. Біз мемлекет пен қоғам дамуының жаңа бағыт-бағдарын тек бірге айқындай аламыз, – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Мемлекет басшысы

Алматыда студенттермен және жас ғалымдармен кездесті



Мемлекет басшысы Алматы еліміздің ғылым мен білім ордаларының бірі екенін атап өтті.

– Әйгілі Қаныш Сәтбаев осы қалада Ғылым академиясының негізін қалаған. Көптеген ғалымдарымыз Академия қабырғасында қазақ ғылымын дамытуға орасан зор үлес қосты. Аға буынның абыройлы жолы лайықты жалғасын табуға тиіс, – деген Президент қазір әлемдегі ең қымбат әрі капиталы мол компаниялар финтех, жасанды интеллект, IT және басқа да озық технологияға негізделген өнім шығаратынына, қызмет көрсететініне тоқталды.

– Олар әлемнің үздік инженерлерін өз елдеріне шақырып жатыр. Себебі – біреу, ғылым алып индустрияға айналды. Бұл сала бүкіл экономиканы жаңа деңгейге көтеретін сектор ретінде қалыптасып келеді. Біз осы әлемдік үрдістен шет қалмауымыз керек. Еліміз талай жыл бойы негізінен мұнайға арқа сүйеп келді. Бірақ қазір – заман басқа. Табиғи байлықтың емес, адам капиталының маңызы артқан дәуірге қадам бастық, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮКІЛ ТАБИҒИ БАЙЛЫҒЫ ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ БОЛАДЫ

Президенттің пікірінше, Қазақстанда жоғары санатты техникалық кадр тапшылығы сезіледі.

– Бүгінде көп нәрсе өзгерді. Үздік техникалық сала мамандарына сұраныс жоғары. Инженер болу мәртебелі әрі экономикалық тұрғыдан тиімді мамандыққа айналды. Соңғы жылдары жастардың техникалық мамандықтарға деген қызығушылығы артып келе жатқаны байқалады. Қазір еліміздегі 610 мың студенттің 112 мыңы техникалық мамандықтар бойынша білім алып жатыр. Қазақстанда экономиканың жаңа салалары жедел дамып келеді. Мысалы, тек отандық IT секторда алдағы жылдары 150 мың жаңа жұмыс орны пайда болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жеріміздің түрлі ресурсқа бай екенін, Қазақстанның жер қойнауында Менделеев кестесіндегі бүкіл элемент кездесетінін айтты.

– Бұдан былай Қазақстанның бүкіл табиғи байлығы олигархтар мен олардың мүддесін қорғайтын плутократ-шенеуніктерге емес, бүкіл халыққа тиесілі болады. Бұл маңызды ережені Конституция деңгейінде бекіттік. Алайда, еліміздің ең басты байлығы – адам. Сондықтан мемлекеттің ең басты міндеті – олардың өз қарым-қабілетін іске асыруына барлық қажетті жағдайды жасау, – деді Президент.

ДИПЛОМ ЕМЕС, БІЛІМ КУЛЬТКЕ АЙНАЛУҒА ТИІС

Қасым-Жомарт Тоқаев сапалы әрі қолжетімді білім беру ісін дамыту мәселесіне

назар аударды. Оның айтуынша, еліміз соңғы жылдары бұл бағытта едәуір ілгеріледі.

– Білім беру ісі талапқа сай келмеген бірқатар жоғары оқу орны мен колледж жабылды. Бұл жұмыс жалғасын табуға тиіс. Осы бағытта ешкімге жеңілдік жасалмайды. Өйткені, елімізге диплом тарататын мекемелер емес, бәсекеге қабілетті оқу орындары керек. Қоғамымызда диплом емес, білім культке айналуға тиіс, – деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы білім беру сапасын арттыруға және отандық жоғары оқу орындарына озық халықаралық тәжірибені енгізуге басымдық берілетінін айтты.

– Менің тапсырмам бойынша шетелдік жетекші университеттермен академиялық ынтымақтастық нығайтып келеді. Еліміздің түрлі қаласындағы отандық жоғары оқу орындары базасында ресейлік бірнеше ірі университеттің филиалдары ашылды. Ал Петропавл қаласындағы Kozubayev University оқу орнында 175 студент Аризона университетінің бағдарламасымен білім ала бастады. Жуырда Қазақстанда Ұлыбритания, Германия, Канада, Нидерланд, Оңтүстік Корея және АҚШ жоғары оқу орындарының филиалдары ашылады. Әлемдік білім беру жүйесіне қосылу жоғары оқу орындарымыздың бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, қазақстандық жоғары білімге деген қызығушылықты арттырады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



САЙЛАУ-2022

ӘР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ!



ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТТЫ ДА ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ

Алдағы 20 қарашада өтетін кезектен тыс ҚР Президенті сайлауында дауыс берушілер жеке куәлігінің электронды нұсқасын қолдана алады.

«Қазір қазақстандықтардың арасында цифрлық құжатты қолдану үлкен сұранысқа ие. Ол – құжаттың түпнұсқасының аналогы. Сондықтан азаматтар сайлауда EGOV mobile, Kaspi және Nalyk банкінің мобильді қосымшалары арқылы цифрлық куәлікті пайдалана алады. Яғни дауыс беруші жеке басын куәландыратын құжаттың электронды нұсқасын ұсынуға құқылы. Сайлау комиссиясының мүшелері сайлаушылар тізімдері негізінде электронды куәлікті ұсынған кезде сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень беруге міндетті», – деді ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров комиссия отырысында.

641 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Сайлау барысын 641 халықаралық байқаушы қадағалайды. Бұл туралы да ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров мәлімдеді.

«Біз халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларын 20 қарашада өтетін ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауына аккредиттеуді аяқтадық. Осылайша Президент сайлауына 641 халықаралық байқаушы қатысады. Оның ішінде 10 халықаралық ұйымнан 532 бақылаушы және 35 шет мемлекеттен 109 бақылаушы», – деді ол.

Оның айтуынша, халықаралық бақылаушылардың қатысуы сайлаудың ашық әрі әділ өтуіне ықпал етпек.

БІР КҮНГЕ ТІРКЕУГЕ ТҰРА АЛАДЫ

Президент сайлауында тұрғылықты тіркеуі жоқ қазақстандықтардың дауыс беруге мүмкіндігі бар.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкіметтің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы «Ішкі көшіп-конушыларды тіркеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысына толықтыру енгізді. Оған сәйкес, тұрғылықты тіркеуі жоқ азаматтар сайлау күні дауыс беру учаскесіне келіп, сол ғимаратқа бір күнге тіркеуге тұра алады. Солайша Президент сайлауында дауыс беру құқығына ие болады.

ӘЛЕМНІҢ 53 ЕЛІНДЕ ДАУЫС БЕРЕ АЛАДЫ

Сыртқы істер министрлігі ҚР Президенті сайлауында еліміздің шетелдердегі мекемелері жанындағы сайлау учаскелерінің қызметін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғасын жатқанын айтты.

«Әлемнің 53 еліндегі 68 сайлау учаскесінде 12 мыңнан астам қазақстандық дауыс береді деп жоспарлап отырмыз. Шетелде дауыс беру процесін уақытылы және толыққанды дайындау үшін Қазақстан азаматтарынан жақын маңдағы сайлау учаскесіне алдын ала хабарласуды және сайлаушылар тізіміне енгізу үшін деректерді ұсынуды сұраймыз», – деп атап өтті Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров.

УКРАИНАДА САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ БОЛМАЙДЫ

Биылғы сайлауда Украинадағы сайлау учаскелері жұмыс істемейді. Бұл туралы да брифинг барысында БАҚ өкілдерінің сауалына жауап берген Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі мәлім етті.

«Украинадағы жағдайға байланысты біз бұл жолы сайлау учаскелерін ашқан жоқпыз. Сондықтан егер олар қаласа, көрші елге – Молдоваға немесе Польшаға барып, сол жерде дауыс бере алады. Бірақ бұл үшін олар елшіліктерге бюллетеньдер санын дайындау үшін баратынын алдын ала хабарлауы керек. Біздің азаматтарымыз өздері баратын туристік елдерде бюллетеньдер жеткілікті деп ойлайды. Дегенмен, ол жетіспеуі мүмкін. Өткен сайлауда осындай жағдайлар болды. Мәселен, консулдық есепте шартты түрде 200 немесе 300 адам тұрады, ал бірақ сайлау күні бұдан екі не үш есе көп келеді. Яғни адамдар өздерінің келетіндерін алдын ала хабарламайды», – деп атап өтті министрліктің ресми өкілі.

Дайындаған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



Райхан СЫЗДЫҚОВА,
қоғам қайраткері:

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН ЖАНМЫН

Саяси доданың да уақыты жақындап қалды. Осынау күні еліміздің ертеңі мен келешегін бағамдап, соған дауыс бергелі отырмыз. Бұл сайлаудың әділ, демократиялық сайлау болып өтетініне мен кәміл сенемін. Өйткені, жарқын болашақ құру үшін оның принциптері де әділ болу керек. Бұл үшін, әрине, еліміздің әрбір азаматы сайлауға қатысып, азаматтық үнін білдірсе екен деймін. Өз басым осы кезге дейін қандай сайлау өтсе де, таң атысымен ертелеп сайлау учаскесіне барамын. Сосын Қазақстанның Гимні ойнаған соң бірінші болып дауыс беремін. Бұл – менің өмірлік кредом.

ЖСДП ОСДП

ХАЛЫҚ БИЛІГІ МЕН ЕРКІН ҚОҒАМ ҮШІН!



МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ

НҰРЛАН ӘУЕСБАЕВ

МЕН:

- Жемқорлықпен күрес
- Олигархиясыз экономика
- Тегін медицина мен білім
- Өмір сүру сапасының стандарттарын жасақтау
- Президенттік-парламенттік басқару үлгісін орнату

ҮШІН

20 қараша 2022 жыл

Насихаттық материал Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат Н.С.Әуесбаевтың сайлау қорының қаражатынан төленді. Жауапты тұлға – Бас редактор Төрехан Данияров



20 қараша
ноября 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?



Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы



Сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда сайлаушылар тізіміне өздері туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады



Сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу немесе сайлаушылар тізіміне енгізу қажеттігі туралы өтініштерді сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды



Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



ЖАСТАР САЯСАТЫ

Алғаш үйден алыстап, жатақханаға жайғасқан не жолдастарымен біріге пәтер жалдап, қаланың баласына айналған қызық кезең студент болған әр адамның есінде болса керек. Ендеше, бүгін – бар әлемде жайқалған жастықтың символына айналған Халықаралық студенттер күні.

МЕРЕКЕ ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ

Бұл мерекенің бастауы Екінші дүниежүзілік соғыстан басталады. 1939 жылы 28 қазан күні фашистердің қолына өткен Чехияның Прага қаласында студенттер бейбіт шеруге шығады. Олар Чехословакия мемлекетінің құрылғанына бір жыл толуын себеп қылып көшеге шыққан. Алайда, ешқандай қарусыз жүрген жастардың мұндай іс-әрекетін фашистік режим бүлікке балап, оларды басып-жаншуға кіріседі. Сарбаздар тарапынан оқ атылып, медицина факультетінің студенті қайтыс болады. Бұл хабар бар қалаға тарап, одан кейін шынайы толқулар басталады. Нәтижесінде Гитлердің бұйрығымен Чехияның барлық жоғары оқу орындары соғыс аяқталғанға дейін жабылып қалады. Ал 17 қараша күні барлық студенттік жатақханалар қоршалып, 1200-ден астам студент қамауға алынады.

1941 жылы Лондонда нацизмге қарсы күрескен студенттердің халықаралық кездесуі өтеді. Онда айтылған оқиғалардың құрметіне Халықаралық студенттер күні 17 қараша болып белгіленген. Ал 1946 жылы Прагада өткен Дүниежүзілік студенттер конгресінде бұл мереке ресми расталып, сол уақыттан бастап жыл сайын атап өтіледі.

БҮГІНГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІ

Студенттік кезең өмірдің ақ-қарасын көрсетіп, әр баланы жеке-дара азаматқа айналдыратын уақыт екені ешкімге жасырын емес. Алайда, ата-анадан ақша сұрауға



ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ СИМВОЛЫ

ұялатын бұл шақта студенттердің тұрмыстық қиындықтан теріс жолға түсіп кетуі де мүмкін. Сондықтан қанаты қатпаған жастарға мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсеткен жөн. Әсіресе, студенттердің басты мәселесі – жатақханадағы орын тапшылығы алдағы уақытта шешілсе дейміз. Бұл туралы Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы Жолдауында да хабарлаған болатын. «Келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады», – деді ол.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, жалпы Қазақстанда 600 мыңға жуық студент бар. Бұл сан алдағы 6-7 жылда 1 миллионға жетеді деп күтілуде. Ал оңтүстік астанамызда 200 мыңнан астам студент білім



алады, оның 70%-і өңірлерден келгендер. Сондықтан мегаполисте жатақхана тапшылығы әсіресе қатты сезіледі. Барлығы шаһарымызда 36 ЖОО-ға тиесілі 95 жатақхана бар.

«Қазір ең үлкен мәселе – Алматы қаласында. Шамамен 19-20 мың төсек-орын жетіспей тұр. Студенттердің отыз пайызы Алматыдан, жетпіс проценті басқа өңірлерден. 2026 жылға дейін жатақхана орындарының жетіспеушілігін 70–80% жабу

жоспарда бар. Ал 2029 жылға қарай 100 пайыз жабатын боламыз», – деп Саясат Нұрбек үкімет қулауында хабарлады.

Біраз жылдан бері тоқтап тұрған бұл мәселенің билік тарапынан көтерілуі көңіл қуантады. Ел ертеңі болатын студенттерді бәсекеге қабілетті маман ретінде тәрбиелеу үшін айтылған бастамалардың шынайы орындалуын тілейміз. Сондай-ақ, барлық студентті төл мерекелерімен қуана құттықтаймыз!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

БОЛАШАҚ СТУДЕНТ НЕНІ БІЛГЕНІ ЖӨН?..

Университет қабырғасында бірінші курсқа келген студенттерді «балмұздақ» деу жастардың арасында қалыптасқан заңдылық. Жоғары курс тәлімгерлерінің өздерінен кіші інілерін бұлай атауы бекер емес-ті. Өсіп-өнген атамекеннен алғаш рет жыраққа шығып, өз жауапкершілігін өздері алған студент достар біраз уақыт үйренісе алмай жүреді. Осы уақыт аралығында бірде білместен, бірде балалықпен көптеген қателіктерге бой алдырып жатады. Сондықтан болашақта студент боламын деген оқырмандарымызға университет қабырғасында көмектесетін кеңестер жинағын ұсынуды жөн көрдік.

Бірінші кезекте, ақша мәселесі. Көбіне баласын қалаға не облыс орталығына оқуға жіберетін ата-ана баласының қалтасына жиған-тергенін салып жібереді. Қыркүйек айында кафе-мейрамханаларда отыратын студенттердің көбейетіні де сондықтан болар. Жаңа ортаға қосылып, қаланың қызығына тоймайтын бірінші курс студенттері оқудың алғашқы апталарында қаражатын есепсіз жаратады. Ана танысы шақырса да қалмай, мұнда отырыс десе де қалмай, ақыры көп көрінген ақшасының қайда кеткенін байқамай қалады. Әке-шеше берген қаражаттың көбін ойын-сауыққа құртып, ол

біткесін «қытайдың лапшасымен» қоректенеді. Бұл алғаш келген студенттер арасында ең жиі кездесетін қателік. Әрине, орнымен демалыс орындарына барма дейтін біз жоқ. Бірақ әр көше, әр дүкен жылтыр көрінетін қыркүйек айының алғашқы аптасында қолда барды артық жұмсап жібермеген жөн.

Екіншіден, маңыздыға мән беру. Айтып өткеніміздей, бірінші курс тәлімгерлерін оқудан алаңдатытын сыртқы факторлар көп болады. Әртүрлі студенттік ұйымдар, университет қабырғасындағы үйірмелер, күнделікті таусылмайтын жиын-кештер студент санасын сан-саққа бө-



леді. Әр ұйым өз ортасына «балмұздақ балаларды» көптеп қосуға тырысады. Кей пысықтар

«белсенді болсаң, сабақ та – бәрі шешіледі» деген уәде де беріп қояды. Ал бойында жалыны бар

Сондай-ақ, қысқа кеңестерді назарларыңызға ұсынамыз:

- Ас ішкен соң, ыдысты бірден тазалау қажет;
- Бойыңда ауырлықты сезгенде, бірден дәрігерге жолыққан жөн;
- Гигиена мен бөлме тазалығына мән беру керек;
- Жатын орын табуға алдын ала қамданған жөн;
- Жатақханаға 22.00-ге дейін кешікпей келуге тырысу қажет.



жастар мұндай бастамаларға белсене араласып, өздерінің білімдерін кенжелетіп алады. Кейде өз уақыттарын дұрыс бөле алмай, оқудан шығып қалып та жатады. Сондықтан алдымен оқуға мән беріп, одан кейін өзге істерде белсенділік көрсеткен дұрыс.

P.S. Әрине, қанаты қатпаған студенттер тұрмақ, қанша жылдық көргені бар адамдар да қателік жіберіп жатады. Дегенмен, біз берген кеңес жас тәлімгерлерге тамшыдай болсын көмегін тигізеді деп сенеміз.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



РАМАЗАН БАПОВ – 75

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Әйгілі балетмейстер, педагог, хореограф Рамазан Баповтың туғанына 75 жыл толуына орай баспасөз конференциясы өтті



Суретті түсірген Вера Останкова

Абай атындағы Ұлттық опера және балет театры, Хореографтар одағы және А.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі өкілдері бірігіп «КСРО Халық әртісі, балетмейстер, педагог, хореограф, әлемдік балет өнерінің шебері Рамазан Баповтың туғанына 75 жыл толуына орай баспасөз конференциясын өткізді.

Онда Рамазан Бапов және Халық әртісі Зәуірбек Райбаев атындағы заманауи үрдісте жасалынған балет залдары салтанатты түрде ашылды. Рамазан Бапов – Мәскеу хореографиялық училищесінің түлегі, Қазақстаннан келген талантты студент педагог А.Руденко сыныбында білім алып, 1966 жылы МХУ-ді үздік дипломмен аяқтаған. Үлкен театрдың балет труппасында өнер көрсетуден бас тартқан ол елге, яғни Алматыға оралып, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрына солист болып орналасады.

«Рамазан екеумізді табыстырған да, таныстырып, отбасын құрумызға себеп болған да – балет. Бүгінгі күні балаларымыз да өнер жолында еңбек етуде. Ол барлық өмірін осы салаға сарп етті. Зейнетке шыққаннан кейін шәкірттер тәрбиеледі. Оның ең қатты жақсы көретін шығармасы «Спартак» болатын. Көрермендерінің жүрегінен де осы рөлмен ерекше сақталып қалды деп ойлаймын. Бүгін, міне, жас өнерпаздарға арналған үлкен би залын ашып жатырмыз. Бұрын бұл кіші зал болатын, барлығымыз бірге осында дайындалатын едік. «Болашақ – жастардың қолында» демекші, жастарымыз балет өнерін әрі қарай дамытады деген сенімдемін», – дейді

Р.Баповтың жары ҚазССР-нің еңбек сіңірген әртісі Людмила Рудакова.

Рамазан Бапов Ресей, Дания, Швеция, Финляндия, Сирия, Иордания, Үндістан, Шри-Ланка, Малайзия, Сингапур, т.б. көптеген елде гастрольдік сапармен болған. XX ғасырдың 70-жылдарында ол Қазақ ұлттық хореографиясының ең жарқын және талантты балет әртісі ретінде танымал болды. Сахнаға әр шыққан сайын балет өнеріндегі кәсіби деңгейін, жоғары шеберлігін, музыкалық қабілетін, өлшем мен талғамының биіктігін көрсете білген.

«Мен Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында Р. Бапов сыныбында білім алдым. Біз ол кісіден тәлім алған жалғыз курс болдық. Рамазан аға өте білімді, биязы, өнерді жетік білетін тума талант иесі болатын. Оның шығармашылығына қарап отырып тамсанатын едік, сахнада өнер көрсеткенде күндей жарқырайтын. Ол кісінің деңгейінде өнер көрсететін жан әлі туа қоймады. Кеңес Одағы кезінде әлем елдеріне қазақ халқының балет өнерін танытты. Сол жылдары ол талантты 10 балетмейстердің қатарына кірді. Рамазан Баповтан тәлім алған студенттердің барлығы дерлік бүгінде

өнер саласында. Біз талантты, талапты ұстаздан білім алғанымызға қуаныштымыз», – дейді «QAZAQ BALLET» ғылыми-танымдық журналының бас редакторы Дамир Уразымбетов.

1979 жылы Рамазан Баповқа КСРО халық әртісі құрметті атағы берілді. Қазақстандағы балет тарихында осы жоғары атақты алған жалғыз адам Рамазан Бапов болатын. Ол 1980 жылдың аяғынан 2000 жылдардың басына дейін Түркия мен АҚШ-та сабақ берген. 2007 жылы ҚР Президентінің шақыртуымен тарихи отанына оралып, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының бас балетмейстері ретінде қызмет атқарды.

Балет әртісінің замандастарының пікірінше, Рамазан Бапов – әлемдік хореография өнеріндегі ерекше құбылыс. «Рамазан Бапов – мықты биші. Оның жақсы мектебі бар, өте көркем, сахнада жұмсақ және икемді секіру арқылы барлық комбинацияны айқын және мағыналы түрде жасайды. Ол жай ғана «жалпы нөмірді» көрсететін солист емес, сахнаға бүкіл қойылымның атмосферасын бейнелеп билейтін актер», – деген екен балетмейстер Асаф Мессерер өз естелігінде.

Рамазан Салықұлы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «Хореография режиссурасы» кафедрасының профессоры болып қызмет атқарған. Ол өнер саласында әлемдік балетмейстерлермен етене араласып, қазақ өнерінің дамуына үлкен септігін тигізген.

«...Мені оның бойындағы ерекше «ашықтық» пен бидің кеңдігіне деген құштарлық таңқалдырды. Көрерменге өзінің эмоцияларын, музыка туралы, балет партиясын өзінің түсінігі бойынша ашып көрсетуге деген құштарлығы ерекше болатын», – дейді ресейлік балерина Майя Плисецкая.

Баспасөз мәслихатынан кейін Арам Хачатурянның 3 актілі «Спартак» балеті қойылды. Бұл спектакль көрермен жадында Рамазан Баповтың орындауымен ерекше есте қалған еді.

Жас балетмейстер Бақтияр Адамжан да Алматыда Р.Баповпен бірге жұмыс істеген. Бірде концерт біткен соң, Адамжанның өнеріне риза болған шебер сағатын шешіп, өнерпазға сыйға тартқан. Өзінен кейінгі ізбасарлардың өсіп келе жатқанына қуанғандығын жеткізген. Жас өнерпаздардың сөзінше, Рамазан жастардың өсуіне, тәжірибелі маман болуына өз септігін тигізіп, қолдау білдірген. Қазақ балет тарихында жалғыз өзі ғана Кеңес Одағының халық әртісі атанған Рамазан Бапов тұтастай тарихи кезеңді құрайды десек, артық айтпағанымыз болар. Оның орындауындағы балет кейіпкерлерін ұмыту мүмкін емес, керісінше ел жадында мәңгіге сақталары сөзсіз.

АЛМАТЫ МУЗЕЙІ



Нәзік жандылардың жан сыры

Алматы музейінде қазақтың суретші қыздары Бибігүл Смақова мен Гүлнар Табанованың «Арманға апарар жол» атты көрмесінің ашылуы өтті. Шығармашылық кеште картиналармен өзгеше стильдегі бас киімдер музей төрінен орын алды. Өнер майталмандары суретшілерге ақжарма тілегін арнады. Шығармашылығына толағай табыс тіледі.

«Тақырыптың өзінде үлкен мән-мағына жатыр. Көрмені анаңызға, құрбыңызға арнағаныңызды естіп жатырмын. Нәзік жандылардың жан-сырынан хабардар ететін туындылар қойылыпты. Қылқаламнан шыққан дүниелеріңізге назар қойып қарасам жүректі тербейді. Қазақта бір жақсы сөз бар: «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» демекші, аналарға деген құрметіміз мінекей, артып жатыр», – дейді Алматы музейінің жетекшісі Бақберген Тайшеев.

«Біз Гүлнар екеуміз 15 жасымыздан бері дос болып келеміз. Жасымыз 50-ден асса да, әлі біргеміз. Көрмені досыма және әрдайым маған көмек қолын созып, қолдау білдірген анашыма арнаймын. Қарап отырсам, 20 жылдан астам уақыт өнермен айналыспаппын. Ұзақ жылдай өнерден қол ұссым де, өнер маған жат болмайтынын ұғындым», – дейді суретші Бибігүл Смақова.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

Гүлнар Табанова Н.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін және Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетін бітірген. Ол 30 жылдан астам Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында жұмыс істеп келе жатыр. Суретші танымал өнер қайраткерлері Роза Бағланова, Мәдина Ералиева, Бағдат Сәмединаева және т.б. бас киімдерін жасаған. Г.Табанова «Мәдениет қайраткері» атағына ие болған және Еуразиялық шығармашылық гильдиясының мүшесі болып табылады.

«Өнерде 30 жыл жүрсем де, өзімнің жеке көрмем болмаған екен. Бас киімдер театрдағы спектакльдерге арналып тігілген. Қарап отырсаңыздар, сәукеденің бірнеше түрдегі дизайны бар. Кейбірі әлі жарыққа шыға қоймаған киімдер. Одан бөлек, музыкадағы ноталар, сандар жазылған бас киімдерді көруге болады. Оның барлығын байланыстыратын дүние шығыстан шыққан ғалымдардың еңбегін көрсетеді. Сондай-ақ, тоғыз жолдың торабы Жібек жолын бейнеледі. Мұның барлығы қиял мен ғажайыпқа ерік берудің арқасында дүниеге келген туындылар», – дейді суретші, дизайнер Гүлнар Табанова.

Көрме қараша айының 29-ына дейін жалғасады.

Бетті әзірлеген
Ақтопқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.





АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Уақыт пен заман талабы

Қоғамда құқықтық сауат неге төмен?

Біздің басты құндылығымыз – адам, адамның өмірі, құқығы және бас бостандығы дегенді жиі айтып жатамыз. Құқықтық сауаттылық та жазылмай жүрген тақырып емес. Бұқаралық ақпарат құралдары немесе әлеуметтік желі арқылы қанша айтылып, жазылып жатса да, осы салада сауатсыздық азаяр емес.



Еліміз заң үстемдігі индексі бойынша 66-орында тұр. Бұл индекс – әлем елдеріндегі құқықтық мемлекеттің қағидаттарына негізделген және құқықтық ортамен қамтамасыз етуде жеткен жетістікті бағалайтын арнайы зерттеу нәтижесі. Әлемдік құқықтық сауатты анықтайтын мұндай индекс 8 фактор, 44 көрсеткіштен тұрады: Сыбайлас жемқорлықтың болмауы, ашық үкімет, негізгі құқықты қорғау, тәртіп пен қауіпсіздік, азаматтық және қылмыстық сот төрелігі, реттеуші құқық қолдану және билік институттарының өкілеттіктерін шектеу сынды бірқатар маңызды фактор арқылы сауаттылық деңгейін анықтайды.

Банк саласында, коллекторлық компанияда жұмыс тәжірибесі бар, ішкі тәртібін жақсы білетін, жеке коллекторлық компаниясы бар заңгер Оразкүл Ақбердіқызының айтуынша, азаматтар несиені алуын алады да, қайтару жолында қиындыққа тап болып жатады. Тағы сол құқықтық сауаттың жоғынан опық жеп қалады. Қарызды тегін жатқан дүниедей көреді. Айлық өндіріп беруде келісім-шартқа сәйкес банк пен коллекторлық компания арасында келісім болатынын білмейді.

«Мерзімі өткен несиелерді өндірумен коллекторлық компания айналысатыны белгілі. Несиені уақытында төлемеген азаматтарға жиі қоңырау шалып, бопсалап,

қорқыту бүгінде коллекторлардың міндетіне айналып кеткендей. Оның әсерінен әйел мен ердің, туған-туыстар, жұмыс беруші мен жұмысшы арасында кикілжіңдер болып жатады. Әріптестерім бұл заңсыздық туралы көбіне айта бермейді. Насихат аз», – дейді маман.

Сондай-ақ, заңгер азаматтар несиені алу жолдарын жақсы білгенімен, оны төлейтін кезде немесе уақытында төлей алмай қалған жағдайда кейбір заңдылықтарды ескере бермейтінін айтады. Мәселен, коллекторлардан қорқып жатады. Біздің елде несие бойынша коллекторлық компанияның жұмысын, заңды міндеттерін тексеріп, қадағалап жатқан ешкім жоқ. Азаматтар несие жөнінде арнайы заңгер мамандардан кеңес алуы керек деп санаймын.

Несиені кешіру, онлайн микрозаймды кешіру туралы заңнама әлі де күшіне енген жоқ. Күшіне енген күннің өзінде оған құжаттар жинап, өтініш тастау керек пе, жоқ па? Нақтылық жоқ. Осындай жаңалық шыққалы алаяқтар, заңгерсымақтар «Өтініш жазып беремін. Тізімге несиенізді кешіруге енгізіп беремін» деп ақша алудың амалын қарастырып жүр. Маған да азаматтар осы мәселемен жиі хабарласады. Бұғатталған шотын ашуға, график қоюға, сотқа сырттай шыққан шешімдерді қайта апелляцияға беру үшін көмекке жүгініп жатады. Азаматтарға айтарым, мұндай қауесетке сенбеңіздер!

МАМАН ПІКІРІ

Сәния МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ,
сарапшы, қаржы маманы:

НЕСИЕ АЛУ МӘДЕНИЕТІ ЖОҚ

Құқықтық сауатсыздық әсіресе қаржы айналасында көп деп айтуға толық негіз бар. Азаматтар заңның қай жағынан алып қарасақ та, сауаты жетпей жатады. Кез келген Қазақстан Республикасының азаматы бір рет болсын несие немесе онлайн займ алып көрген. Бірақ оның заң аясында қандай құқықтық міндеттері бар екенін білмей жатады. Әсіресе, банк, несие, қарыз дегенде азаматтардың білмейтіні көп. Банктер өз құқығына орай борышкерге барлық ережені түсіндіреді. Бірақ көбіне кейбір банктер міндеттерін асыра пайдаланады. Мысалы, 90 күн өткеннен кейін қарыздың жалпы сомасын төлеңіз деп талап етіп жатады. Барлық соманы бірден төлейтіндей көбінің жағдайы көтермейді. График жасауды, несиені өзіне тиімді етіп төлеуді түсінбейді.

Өздеріңіз білесіздер, қазір онлайн займдардың дәуірі жүріп тұрған кезең. Банктерге қарағанда, онлайн займдарға сұраныс жоғары. Себебі, соңғы кездері банктерде талап күшейген. Кез келген тұлғаға несие бере бермейді. Сондықтан халық ең жеңіл, қалтасы көтеретін онлайн займ алады. Бірақ олар қарызды 2 есе етіп төлейтінін білмейді. Кез келген, мейлі ол несие, мейлі басқа жағдайда болсын азаматтар өзіне ұсынылған келісім-шартты қол қоймастан бұрын міндетті түрде оқуы керек.

Несиден, қаржылық қиындықтан отбасы ажырап жатады. Жақын туысына өз атынан несие алмас бұрын сол жақын адамынан арнайы қолхат алып немесе нотариуспен бекітіп алуы керек. Бірақ көп жағдайда біз ауызша келісіммен айта саламыз. Кейбіреуі танысына, туысына 5-6 миллионға дейін несие алып беріп жатады. Екеуара келісімнің болмағанынан қазақылыққа салынып ақшасын ала алмай жүргендер көп. Оның үстіне, несиені төлей алмағанда банктер шотын бұғаттайды. 50 пайызын ұстап қалады, қалған 50 пайызы шотында тұрады. Бірақ азамат ол қаражатты пайдалана алмайды.

Жұмыс істеп, бірақ айлығын ала алмай жүрген азаматтар осы мәселемен сұрақ жолдап жатады. Жалпы, қай елде болсын бала дүниеге келген сәттен бастап, балабақшаға, мектепке орналасуда, т.б. болашақтағы маңызды қадамдарының бәрі дерлік тек заңды құжат арқылы жүзеге асады. Қай жерге барса да тек құжат арқылы заңды тұлға екенін дәлелдей алады. Заңнан алыстап кете алмаймыз.

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, соңғы 1-2 жылда елімізде 7,5 миллион онлайн займ жасалған екен. Бұл – халықтың құқықтық, оның ішінде қаржылық сауатсыздығының салдары. Халық несие алу мәдениетін білмейді. Сол себепті де, елімізде займның өсімпұлын алып тастап, негізгі соманы өндіруге қатысты сот істері өте көп.

Түйіндей келе, мамандар құқықтық маңызы бар кез келген жағдайды жазбаша түрде бекітіп алуға кеңес береді. Өйткені, жазбаша келісім-шарт жасалса заң алдында дау туындаған кезде мәселені шешуде оңайға түседі.



ЖОБА

34 заң жобасы әзірленбек

Үкімет келер жылы қандай заң жобаларын әзірлейтінін ҚР Әділет министрі Қанат Мусин айтты.

«2023 жылға арналған жоспар жобасында 34 заң жобасын әзірлеу көзделген, оның ішінде бірінші жартыжылдықта Парламентке – 15 заң жобасын және екінші жартыжылдықта – 19 заң жобасын енгізу қажет. Жалпы, жоспар жобасы Президент пен мемлекеттің стратегиялық құжаттарында айқындалған міндеттер негізінде қалыптастырылды. Мәселен, Қала құрылысы кодексі және Бюджет кодексі, жер қойнауын пайдалану, мемлекеттік жекешелік әріптестік, көші-қон, мемлекеттік сатып алу, салық салу, сондай-ақ әкімшілік әділет, қылмыстық, қылмыстық-процестік және әкімшілік заңнамаларды жетілдіру бойынша заң жобаларын әзірлеу Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарынан туындайды», – деді Қанат Мусин.

Сондай-ақ, ол аталған жоспардың бәрін Мемлекет басшысы мақұлдауы керектігін еске салды.

«Бұдан басқа, Су кодексін, сондай-ақ тұтынушылардың құқығын қорғау, масс-медиа және акваөсіру бөлігінде жаңа редакциядағы заң жобаларын әзірлеу жоспарлануда. Сонымен қатар, бюрократиядан арылту жөніндегі Жарлықтың 13-тармағын және Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 11 қазандағы тапсырмасын іске асыру аясында Әділет министрлігі заңдарда артық (шамадан тыс) заңнамалық нормаларды регламенттей алып тастау бойынша тәсілдер әзірленгенін атап өтемін. Осы тәсілге сәйкес заңдарда мемлекеттік басқару органдарының негізгі мақсаттарын, міндеттерін, реттеу қағидаттарын және базалық өкілеттіктерін ғана белгілейтін нормалар, ал заңға тәуелді актілерде оларды одан әрі регламенттеу бекітілетін болады», – деді Әділет министрі.

ІЗГІЛЕНДІРУ

Бауыржан НҮРБОЛАТҰЛЫ,
Алматы қаласы Жетісу ауданының прокуроры:

РАҚЫМШЫЛЫҚ – КІНӘСІЗ ДЕП ТАҢУ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС



2 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күшіне енген «Рақымшылық туралы» Заңға қол қойды. Заңның 3-бабының 5-тармағына сәйкес рақымшылық жасау актісі ол қолданысқа енгізілген күннен бастап 6 ай бойы жүзеге асырылады. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында 2022 жылы 4–7 қаңтар аралығында жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты не олардың жолын кесу кезінде қылмыстық құқықбұзушылықтар жасаған адамдарға қолданылады.

Заңның 1-бабында рақымшылыққа жататын Қылмыстық Кодекстің 53 бабы көрсетілген. Егер осы Заңда көрсетілген баптарда көзделген қылмыстық құқықбұзушылық 4–7 қаңтар аралығында жасалса, алайда жаппай тәртіпсіздіктермен байланысты болмаса, онда рақымшылық қолданылмайды.

Рақымшылық жасау прокурор бекіткен қылмыстық қудалау органының (лауазымды тұлғаның) қаулысы негізінде, сондай-ақ сот қаулысының негізінде қолданылады.

БҮЛ ЗАҢ КЕЛЕСІ АДАМДАРҒА ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:

- 1) террористік қылмыстар жасаған;
- 2) экстремистік қылмыстар жасаған;
- 3) азаптаулар жасаған;
- 4) он төрт жасстан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты кәмелетке толмағандардың осындай қылмыс жасаған жағдайын қоспағанда, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған;
- 5) мемлекетке опасыздық жасағандар;

- 6) сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған;
- 7) осы қылмысты кәмелетке толмағандар жасаған жағдайды қоспағанда, жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастырған; (272-б. 1).
- 8) қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жазасы тағайындалған жаза.

Сотқа дейінгі тергеу сатысында рақымшылық жасау Рақымшылыққа жататын адамдарға қатысты қылмыстық теріс қылықтар, шағын, ауырлығы орташа қылмыстар туралы іс жүргізудегі қылмыстық істерді осы Заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылықтар бөлігінде қылмыстық процесті жүргізетін орган аталған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып тоқтатуға тиіс.

Жазаны орындау сатысында рақымшылық жасау Осы Заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық теріс қылықтар, ауырлығы аз, орташа қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеп жүрген адамдар жазадан (негізгі және қосымша) немесе оны одан әрі өтеуден босатылады.

Ауыр қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдарға жаза төрттен үшке, аса ауыр қылмыстар бойынша – жартысына қысқартылады.

Бұл ретте егер сотталған адамға осы Заң қолданысқа енгізілген күні бір жылдан аспайтын жазаны өтеу қалса, негізгі жаза оның барлық өтелмеген мерзіміне қысқартылады.

Рақымшылық актісі бойынша соттылықты өтеу Осы Заңның 1-бабында көрсетілген ауырлығы аз, орташа қылмыстары үшін жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған рақымшылыққа жататын адамдардан соттылығы алынады.

Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЭСТЕТИКАЛЫҚ ГИМНАСТИКА

АЛМАТЫ АРУЛАРЫ

Азия чемпионатында атой салды



Таяуда Малайзия астанасы Куала-Лумпурда эстетикалық гимнастикадан қатарынан үш халықаралық турнир өтіп, үшеуінде де қазақстандық қыздардан құралған командалар жүлделі болды. Алайда, бұл туралы жар салып, жазып жатқан ешкім жоқ, сүйінші сұрағандар да көрінбейді.

Ал шын мәнісінде үлкен мақтанышпен айтатындай жетістік. Алматының Tamos гимнастика мектебінің командаларынан құралған аруларымыз алдымен Малайзия астанасында өткен Азия чемпионатына қатысты. Ұйымдастырушылар қатысушыларды бірнеше жас санатына бөліпті. 8–10 жас аралығы бойынша өткен бәсекеде Алматының Renaissance командасы бас жүлдеге қол жеткізген. Сондай-ақ, 10–12 жас аралығында да қазақстандық қыздар үздік атанып, Diamonds командасы жеңімпаз танылған. Ал 14–16 жас аралығындағы бойжеткендер бәсекесінде Tamos гимнастика мектебінің «Sunrise» командасы күміспен күптелген.

Бұдан бөлек, алматылық арулар Куала-Лумпурда тағы бірнеше халықаралық турнирге қатысып үлгерді. АҚШ, Малайзия, Ресей сынды елдердің гимнастшілері қатысқан Magga Cup жарысында қола медальға қол жеткізсе, Tuah халықаралық турнирінде топ жарды.

Сонымен қатар, Куала-Лумпурда Әлем кубогының IV кезеңі өтті. Тоғыз ұжым қатысқан турнирде Алматының Sunrise командасы үздік үштіктен көрінді. Жалпы, Sunrise қыздары биыл Әлем кубогының алдыңғы кезеңдеріне де қатысқан. Әуелі Эстония астанасы Таллинде өткен бәсекеде жерлестеріміз 5-орынға табан тіреді. Бұл сол кезеңдегі Қазақстан гимнастшыларының өзіндік рекорды еді. Өйткені, бұған дейін Әлем кубогындағы ең ірі жетістігіміз 9-орын болған. Одан кейін Sunrise арулары Әлем кубогының III кезеңіне де қатысты. Финляндияның Тампере қаласында өткен дүбірлі додада да үздік бестіктен көрінді.

Иә, түсіне білгенге мұның барлығы – зор жетістік. Қысқа мерзім ішінде бір емес, бірнеше турнирден жүлде алу оңай емес. Дегенмен, соған қарамастан өзге жаңалықтардың көлеңкесінде қалып қойғаны да рас. Мұның өз себебі бар. Эстетикалық гимнастика Қазақстан үшін мүлдем таңсық. Федерацияның

да құрылғанына небәрі төрт жыл болған. Елімізде таныла қоймағаны да сондықтан. Айтпақшы, көркем гимнастикамен шатастырмаңыз. Мұнда көркем гимнастиканың да, акробатика мен бидің де элементтері бар. Спортшылар жеке-кейі сында емес, командалық бәсекеде жарысады және өнер көрсету барысында ешқандай қосымша заттар пайдаланбайды.

Елімізде кенжелеп қалған спорт түрі демесеңіз, эстетикалық гимнастика бүгінде әлемде қарқынды дамып келеді. Еуропаның солтүстігінде пайда болған спорттың бұл түрінен әртүрлі жарыстар өткен ғасырдың ортасында басталды. Ал алғашқы әлем чемпионаты 2000 жылы ұйымдастырылды. Бүгінде «Кәрі құрлыққа» кеңінен жайылған эстетикалық гимнастика Еуропаға ғана емес, Азия мен Америка құрлықтарына да қанатын кеңінен жайған. Алайда, Sunrise командасының жаттықтырушысы Мадина Муталиеваның айтуынша, Олимпиада бағдарламасына кірмегендіктен эстетикалық гимнастикаға еліміздегі спорт басшылығының бүйрегі бұра бермейді.

Олимпиадалық спорт түрі болмағандықтан мемлекет тарапынан бізге берілер субсидия да жоқ. Сондай-ақ, Федерациямыздың гимнастшыларға спорттық санат беруге әлі күнге дейін құқығы жоқ. Бұл да елімізде эстетикалық гимнастиканың дамуына кедергі келтіріп жатыр. Өйткені, тым болмаса, спорттық санат ала алмағаннан кейін қыздарын спорттың осы түріне берген ата-аналар да, гимнастшылардың өздерінде де стимул құриды. Оның үстіне, барлық турнирлерге ата-аналар қыздарын өз ақшасына жібереді. Міне, осындай қиындықтар бар. Дегенмен, ақырындап алға басып келеміз. Қазір эстетикалық гимнастикадан үйірмелер Алматыда ғана емес, Астанада да бар. Қызылорда мен Шымкентте де ашылған. Ал Sunrise командасының гимнастшылары Қазақстан құрамасының негізін құрайды. Негізі, біз Tamos гимнастикалық мектебіне қараймыз ғой. Директорымыз – Жаннет Жабоева. Мұнда эстетикалық гимнастикадан 6 команда бар. Енді өзге өңірлерде де қолға алынып, осындай мектептер ашылса деген тілек бар. Сондай-ақ, төрешілік тұрғысынан да жұмыстар жүргізуіміз керек, – деді Мадина Муталиева.

Малайзияда өткен бәсекелерде ел намысын абыроймен қорғадыңыздар. Енді алда қандай жарыстар күтіп тұр?

Азия чемпионатындағы жетістігіміз бар, сондай-ақ Әлем кубогындағы көрсеткіштеріміз бар, мұның барлығы бізге Әлем чемпионатына жолдама алуға мүмкіндік жасап отыр. Айтпақшы, биыл Әлем біріншілігі қарашаның екінші жартысында Аустрияның Грац қаласында өтеді. Финляндия, Эстония, Испания, Франция, Италия, Канада сынды көптеген елдердің гимнастшылары келеді деп күтілуде. Чемпионат балғын қыздар мен бойжеткендер арасында екі санат бойынша өтеді. Біздің Sunrise командасы да осы бәсекеде Қазақстан намысын қорғайды.

Өзіңіз айтпақшы, эстетикалық гимнастика елімізде кенже дамыған спорт түрі. Өзіңіз жаттықтырушы ретінде біліміңізді қалай шыңдадыңыз?

Бала кезімнен балетпен кәсіби тұрғыда айналысамын. Хореографиялық училищеде балет артисі мамандығын оқығанмын. Кейін Жоғары оқу орнында хореограф-режиссер маманы атандым. Осы саладағы магистрімін. Академиялық дәреже де бар. Мұның барлығы маған зор көмегін тигізді. Өйткені, эстетикалық гимнастикада бәрі бар. Биді де, акробатика мен гимнастиканы да қамтыған. Сондықтан болар, аз уақыттың ішінде шәкірттерім біраз халықаралық турнирлерде жүлде салып үлгерді. Алда да мақсат көп.

Айтпақшы, өз тарапымыздан қоса кетейік, 2023 жылы спорттың осы түрінен Әлем чемпионаты Қазақстанда өтуі мүмкін. Үміткер қалалардың қатарында Астана бар. Демек, төрткүл дүниенің кіл мықтылары жиналатын бәсекеге қазірден бастап дайындалған ләзім.

Малайзиядағы халықаралық турнирлерде ел намысын қорғаған Sunrise командасының құрамы:

Әмина Бейғанова, Томирис Болат, Айлин Мақсұтова, Әнел Нұрсұлтан, Алтынай Нұркенқызы, Аделия Тұрсынқожа, Амиля Құнанбаева.

Жаттықтырушы: Мадина Муталиева.

КӘСІПҚОЙ БОКС



Айдостың беті бері қарады

Қарашаның басында АҚШ-та чемпиондық жекпе-жек өткізіп, 12-раундта ауыр нокаутқа түскен жерлесіміз Айдос Ербосынұлы жалпы палатаға ауыстырылды.

Бұған дейін интенсивті терапиялық бөлімде жатқан боксшының беті бері қарай бастады. Айта кетейік, ауыр соққылардың салдарынан бас сүйек-ми зақымын алған Айдос жасанды комаға жатқызылып, шұғыл түрде ота жасалған болатын.

Жақсы жаңалық. Айдос Ербосынұлы жалпы палатаға ауыстырылды. Денсаулығы едәуір жақсарды. Дегенмен, әлі де дәрігерлердің қарауында болады, – деп жазды бұл туралы Suleimen Promotions компаниясы өздерінің ресми парақшасында.

Естеріңізге сала кетейік, қарашаның 6-сы күні Айдос Ербосынұлы екінші орта салмақтағы WBA Regular чемпиондық белбеуі үшін кубалық Давид Моррелмен жұдырықтасқан. Жекпе-жек 12-раундта жерлесіміздің нокаутымен аяқталған болатын.

СУ ДОБЫ



Қазақстан құрамалары – қола жүлдегер

Тайландтың Самутпранк қаласында су добынан Азия чемпионаты өтті. Пандемиядан кейінгі алғашқы біріншілікке Сары құрлықтың кіл мықтылары жиналып, Қазақстан ватерполшылары ерлер арасында да, әйелдер арасында да үздік үштікті түйіндеді.

Дамир Темірханов баптайтын Қазақстан ерлер құрамасы жартылай финалда Азия мықтысы Жапониядан 4:20 есебімен жеңілген. Алайда, 3-орын үшін өткен ойында Иран құрамасынан 8:5 есебімен басым түсті.

Ал Андрей Сазыкин баптайтын Қазақстан әйелдер құрамасы жартылай финалда Жапония аруларына әжептеуір қарсылық көрсеткенімен, 12:16 есебімен жеңілді. Есесіне, қола жүлде үшін ойында Тайланд құрамасын 14:5 есебімен ойсырата ұтты. Сонымен қатар, командалымыздың шабуылшысы Дарья Мурваева чемпионаттың үздік сұрмергені атанды.

Осылайша Азия чемпионатының қола жүлдегері атанған жерлестеріміз 2023 жылы өтетін Әлем чемпионатына жолдамаы жеңіп алды. Айта кетейік, дүниежүзілік дода келесі жылы Жапонияның Фукуока қаласында ұйымдастырылады.





МӘСЕЛЕ

ИНФАРКТ *әлде* БЕЛСІЗДІК?..

Бір әріптесіміздің әкесі жұмыстан келе жатқан үлкен немересіне «темекім бітіп қалыпты, жолай ала келші» деген ғой. Немересі қыз бала, бұрын-соңды шылым сатып алып көрмеген, бірақ атасының өтініші үшін дүкенге кіріп, темекі сұрайды. Сатушы сыртында «Инфаркт» деп бадырайтып жазылған темекіні ұсынып жатқанда, көңіліне ұнамай қалған қыз:

– Мына сөздің ауырын-ай? Басқасы жоқ па? – дейді тосылып қалып. Сатушы «Белсіздік» дегені бар десе, немересі:

– Белсіздік? Мейлі, соны беріңізші одан да, – деген екен. Сатушы еріксіз күліп жіберген көрінеді. Бұл боямасыз әңгімені естіген біз де күлдік.

Әрине, езуімізге жылы күлкі ұялатты. Бірақ бүгінде темекі біткеннің сыртына, яғни қорабына түрлі қорқынышты бейнелер, мәселен, қап-қара болып күйіп, күлге айналып кеткен қос өкпенің, іріп-шіріп кеткен тістердің суреттерін салып, «темекі өміріңізді құртады, осылай жалмаптынады», «Соқырлық», «Өлі туу» деп те бадырайтып жазып қойсақ та, темекіден бас тарта алар емеспіз.

Тіпті, өткенде ватсаптағы «Ата-аналар» чатына «біздің сыныптың кейбір ұлдары (11-12-дегі өрендер) электронды темекі тартып жүр екен» деген ақпарат келді. Болашағымызға қалай алаңдамаймыз осындай дан соң?!

Жазда ауылдан бала-шағасымен туыстар келді. Қаладағы ағайын жиналып, көкке шықты. Әйелдер жағы қазан көтердік, ерлер қауап пісіруге кірісті. Балалар доп ойнады. Таза табиғат құшағындағы үлкен-кіші түгел мәзбіз.

Ауыл мектебінде ұстаздық ететін өзіммен тете інім екеуміз оңаша әңгімелесіп отырғанбыз. Ол сыра ішіп отырған-тын. Бір кезде бізге қарай ұлы құлдыраңдап жүгіріп келе жатты. Оны көрген інім, яғни баланың әкесі шыны бөтелкесін артқы жағына қарай ақырын тыға берді, балам сыра ішіп отырғанымызды көріп қоймасын дегені.

Мен де кішірек балама алаңдап, өзен жақты көріп келейін деп орнымнан тұрдым. Сылдырлап ағып жатқан өзен жаға-



сында ерлер әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Күйеу баламыздың бес жастағы ұлы әкесіне бірдеңе айтқысы келді ме, сол жаққа қарай құстай ұшып жүгіріп барады екен. Оны көрген әкесі қолындағы темекі-

сін дереу өшіре қойып, балаға байқатпай әрірекке лақтырып жіберді.

Міне, ата-ана ұрпағына осылай, «арақ ішпе, темекі тартпа» деп сөзбен емес, ісімен көрсетсе дейсің ғой мұндайда.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ШЫЛЫМҚОРЛАР ҚАЙ ӨНІРДЕ КӨП?

Биылғы қаңтар-қыркүйек аралығында еліміздегі темекі өндіретін компаниялар 13,5 млрд дана сигарет, сигара және темекінің басқа да өнімдерін шығарыпты. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда, 15%-ға көп екен. Ал сонша өнімді ақшамен «сөйлетсек», 206,5 млрд теңге.

Биылғы 8 айда отандық компаниялар шылымқорлар сұранысын (ішкі нарықты қамтамасыз ету және экспортқа шығару бар) 60,1%-ға қамтамасыз еткен (ал былтыр бұл көрсеткіш 77,9% болыпты). Импорттың үлесі – 39,9%.

Сарапшылар еліміздегі «шылымқор» облыстарды да атапты. Темекіге ең көп ақша құртқандар Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары болып шықты. Олар екінші тоқсанда орта есеппен темекі өнімдеріне 19,5 мың теңге жұмсаған. Ал Павлодар облысының шылымқорлары – 18 мың теңге, Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары 17,7 мың теңге жұмсаған. Темекіге ең аз қаражат жұмсаған өңір (1,7 мың теңге) Шымкент жұрты екен.

Биылғы қазан айында шығарылған көрсеткішке сүйенсек, бір жыл ішінде филтрлі сигарет құны 16,4%-ға артқан. Темекінің қымбатшылығын әсіресе Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары көбірек сезінген, ол жақтағы баға 21,6%-ға өскен. Ақмола облысында 20,5%-ды көрсеткен. Ал алматылықтар шегіп жүрген темекінің бағасы 19,3%-ға көтеріліп шыға келген. Бұл тұрғыда көршілес Алматы облысының тұрғындары аса қинала қоймаған болар, ондағы баға 11%-ға көтерілген.

АЛДИЯР, 15 жаста:

– Темекі шегіп жүргеніме екі жыл болды. Оған деген құмарлық шылым шегіп көрмес бұрын басталған сияқты. Өйткені, әкемнің шеккен темекісінің иісі мұрнымды жарып кетердей болып, оны иіскеп, мен де мастанатынымын. Өзінің көлігімен әрлі-берлі адам тасытын әкемнің жанында үнемі жүретіндіктен темекі иісіне әбден үйреніп кеттім. Ұзақ уақыт қасында болмай қалсам, сол иісті іздеп, темекі көрсем соған аңсарып ауып тұратынымды шығарды. Сөйтіп жүріп темекінің дәмін татып көрдім. Ол алғашқыда басымды айналдырғанымен, ішкі дүниемде қанағаттанарлық сезімі пайда болғандай сезілді. Темекінің денсаулыққа зиян екенін білемін. Бірақ енді одан еркіммен бас тарту қолымнан келмейтін сияқты.

МАДИНА, 17 жаста:

– Бірнеше қыздың басы қосылған жерде міндетті түрде темекі шегіледі. Одан ешқандай әбестік көріп тұрған жоқпын. Сырт қарағанда ұлдардан гөрі қыздарға шеккен жарасады. Атақты әнші жұлдыздар, көпшілігі де темекі тартады емес пе қазір. Әрі олар мақтаныш санайтындай. Мен де шылымды қызық үшін тартамын. Оған есімді берген емеспін. Себебі, анау айтқандай іздемеймін де.

АРХАТ, 23 жаста:

– Мен көп нәрсеге ерте қол жеткіздім десем болады. Темекіні 13 жасымнан шектім, қатарластарымнан да ерте үйлендім. Әкем жоқ, шешем үнемі жұмыста болатындықтан, үйге балалар көп жиналатын. Еріккендіктен қораның ішіне кіріп алып темекі тартатынбыз. Қазір темекі – өмірлік серігім. Ол жанқалтамда жоқ болса, бір жерге ұмытып кетсем, қымбат дүниемді жоғалтқандай күй кешемін. Әйелімнен ажырауға бармын, бірақ темекіден ажырай алмаспын.

МӘМС

Тізе жарақатын тіліксіз емдейді



Оңтүстік астанадағы №7 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері тізе буыны зақымданған бірнеше пациентке күрделі ота жасады.

Нақтырақ айтсақ, аурухананың ортохирургия бөлімшесі дәрігерлері мәскеулік маман Лев Кнеллермен ынтымақтастық шеңберінде үш пациентке шағын инвазивті бірегей операция жасады. Операциялар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылған.

«Шеберлік сабағына» қатысқан Рамазан Әскеровтің айтуынша, ота жасатқан пациенттердің әрқайсысы тізесін әртүрлі жағдайда жарақаттап алған. Мысалы, 18 жастағы Кәрімнің тізе буындары осыдан бір ай бұрын грек-рим күресі жарысында зақымдалған. Ал 30 жастағы Арманның жарақат алғанына 15 жыл болыпты. «Жығылғанға жұдырық» демекші, содан бері ауыратын тізесін тағы 10 шақты рет ауыртып алған. МРТ дәрігері

болып жұмыс істейтін 38 жастағы келіншек болса тізесін үйде жарақаттаған. Олардың бәріне «тізе буыны артроскопиясы» деп аталатын ота жасалды.

«Белсенді, еңбекке жарамды жастағы пациенттердің үшеуінің де тіздегі мениск шеміршегі сынған. Мениск тізені қорғап, оның қозғалысын қамтамасыз етеді. Әдетте көптеген дәрігер оны алып тастайды. Біз «ағзаны сақтап қалуға» бағытталған операциялар арқылы менискті қалпына келтіреміз», – дейді аурухананың ортохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Арнат Байзақов.

Жалпы, артроскопия шағын инвазивті ота болып саналады. Сондықтан тізе буынында жасалатын барлық манипуляция кішкентай екі тілік арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде емдеу барысында пациенттің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етіледі әрі ауырсыну сезімі азаяды. Мұндай оталардан соң науқастар да ұзағырақ жатып қалмайды, тезірек аяққа тұрып кетеді дейді мамандар.

«АҢСАҒАН СӘБИ»

Осыдан 27 жыл бұрын Алматы қалалық Адам репродукциясы орталығында алғашқы экстракорпоральды ұрықтандыру зертханасы ашылып, бір жыл өткен соң in vitro әдісімен ұрықтандырылған тұңғыш нәресте дүниеге келген болатын. Бүгінге дейін елімізде «шыны түтіктегі» 29 200 бала өмірге келді. 2021 жылы 1400 КРТ (көмекші репродуктивті технологиялар) бағдарламасы орындалып, оның 7000-ы МӘМС аясында «Аңсаған сәби» бағдарламасы арқылы іске асырылған.

Бала – бүтін бақыт

Жуырда елордада «Бедеулікті емдеудің заманауи жолдары. КРТ: қазір және болашақта» тақырыбында Қазақстандық репродуктивті медицина қауымдастығының XIV халықаралық конгресі өтті. Бұл дәстүрлі конгресс 24 мемлекеттен келген үздік сарапшылардың басын қосып, Қазақстан тұрғындарының репродуктивті денсаулығына және бедеулікке байланысты маңызды сұрақтарды күн тәртібіне шығарды. Форумда 130 спикер баяндама жасады. Аталған алқалы басқосудың ерекшелігі сол, конференцияға жиналғандар бала сүюге қабілетсіз ерлі-зайыптылардың мәселесін медициналық-әлеуметтік тақырып ретінде қарастырды.

Елімізде әйелдердің бедеулігін, ерлердің белсіздігін емдеуге бағытталған озық репродуктивті технологиялар толығымен қолданысқа енген. Эмбриондар мен ооциттердің криоконсервациясы, донорлық жыныстық клеткалар, «Суррогат ана» бағдарламалары сәтті түрде іске асып келеді. Ал КРТ ерлер белсіздігінің өте ауыр формаларын емдеуде аса тиімді тәсіл ретінде кең қолданысқа ие болды.

2007 жылдан бастап эмбриондарды жатыр қуысы орналастырғанға дейінгі тұқым қуалайтын аурулардың алдын ала имплантациялық диагностикасы жүзеге асырыла бастады. 2016 жылдан бастап

aCGH (эмбрионның 46 хромосына имплантацияға дейінгі заманауи скрининг) әдісін қолдану басталды. Қазір әрбір оныншы бағдарлама aCGH генетикалық диагностикасы арқылы өткізіледі.

Елімізде КРТ арқылы 100 000-нан аса жұп емделген. Орташа есеппен емдеу тиімділігі 15%-дан 42%-ға дейін артты. Бала туу (takebabyhome) көрсеткіші бойынша емдеу тиімділігінің деңгейі 30%-ға жетті, бұл еуропалық ең үздік емханалардағы көрсеткішпен тең дейді мамандар.

Қазақстанның денсаулық сақтау саласының жетістігі ретінде 2010 жылдан бастап КРТ арқылы бедеулікті емдеу республикалық бюджет есебінен мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асқанын атап өту керек. ҚР Денсаулық министрілігі тарапынан жыл сайын ЭКҰ қажет жұптарға арналған бағдарламалар қаржыландырылады. 2010 жылдан бері ТМҚК (тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі) аясында 9050 КРТ бағдарламасына қаржы бөлінді, нәтижесінде 3000-нан аса сәби жарық дүниеге есігін ашты.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

өскелең ұрпақ үшін әрдайым өнеге



Соңы. Басы 1-бетте.

Президент, алдымен, музейдің «Ұлттық рухтың ұлы тіні», «Қазақ санасының шамшырағы» және «А.Байтұрсынұлының жұмыс кабинеті» залдарындағы жәдігерлермен танысты. Мұнда ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы 500-ге жуық экспонат жинақталған.

Ахмет Байтұрсынұлы бұл үйде қызы Шолпанның отбасымен бірге 1934–1937 жылдары тұрған. Музей-үйі 1998 жылы Алаш қайраткерінің 125 жылдық мерейтойында салтанатты түрде ашылды.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Ахмет Байтұрсынұлына арналған ескерткішті ашты. Іс-шараға ақынның туыстары мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Мемлекет басшысы ескерткіштің ашылу рәсіміне жиналғандар алдында сөз сөйлеп,

тұлғаның ұлт тарихындағы рөлі жоғары екенін айтты.

– Жұртына пайдасы тиетін жұмыстың бәріне Ахаң үлес қосқан. Тіпті, бірқатар саланы өзі бастап берген. Ол қазақтың төл әліпбиін жасады, алғашқы әліппемізді құрастырды. Сондай-ақ, оқулық жазып, тіл білімінің негізін қалады. «Қазақ» газетін шығарып, баспасөздің дамуына жол ашты. Арада қанша жыл өтсе де, оның рухани мұрасы жұртының игілігіне жарап келеді. Сол себепті, жұртымыз оны «Ұлт ұстазы» деп ардақтайды. Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы-ғалым ретінде бүкіл өркениетті әлемге танымал. Ол халқымыздың тағдыры сыңа түскен күрделі кезеңде ерекше ұлт-жандылық танытты. Еліміз бүтін, жеріміз тұтас болуы үшін өмішеусіз еңбек сіңірді. Қазаққа қызмет ету жолында бар күш-жігерін жұмсады. Ұлт көшбасшысының өмір

жолын елді сүюдің жарқын үлгісі деуге болады. Оның ғибратты ғұмыры – өскелең ұрпақ үшін әрдайым өнеге, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Алаш арысының туған жері Торғай өңірінде дүбірлі той өткенін, ЮНЕСКО, ТҮРКСОЙ ұйымдары аясында алқалы жиындар ұйымдастырылғанын атап өтті. Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық шығармалар жинағы басып шығарылып, таңдамалы еңбектері 4 тілде жарық көрді.

– Қостанай қаласындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. Торғайда Міржақып Дулатұлы екеуіне ескерткіш орнатылып, қос алыптың әдеби музейі толық жаңғыртылды. Былтыр осы Алматыдағы мұражайы мемлекет меншігіне қайтарып алынғанын білесіздер. Енді, міне, қала төрінде сәулетті ескерткіші бой көтерді. Осының бәрі – халқымыздың ұлт

ұстазына деген ерекше құрметінің белгісі. Кезінде Мұхтар Әуезов «Ахаңның қазақ баласына істеген еңбегін, өнер, білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды» деген болатын. Ахмет Байтұрсынұлының ұрпаққа аманат еткен мол мұрасы – қазақтың баға жетпес асыл қазынасы. Бүгінде Ахметтану ғылымына бет бұрып, ғалымның шығармашылығын зерттеп жүрген жастардың қатары көбейіп келеді. Бұл – ұлы тұлғаның ұлағатты жолы ешқашан үзілмейді деген сөз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы салтанатты рәсімнен кейін ақынның ұрпақтарымен, зиялы қауым өкілдерімен, сондай-ақ ескерткіш авторлары Айдос Бүркітбаевпен және Тимур Ермұхаметовпен әңгімелесіп, суретке түсті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАСПАСӨЗ–2023

Газет пен оқырман арасындағы алтын көпір

Рая
ЕСКЕНДІР

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, қаламыздың көзіқарақты оқырмандары «Алматы почтамын» бетке алып, сүйікті басылымдарымен қауышуға асықты. Бұл күні «халықтың шырағы, көзі мен құлағы» атанған барлық мерзімді басылым өкілдері «Қазпошта» ғимаратына жиналып, дәстүрлі «Жазылушылар күні–2023» іс-шарасына қатысты.

«Жазылушылар күні» мерзімді баспасөз құралдарының екінші мерекесі іспетті. Өншейінде қым-қуыт тіршіліктен қолдары босай қоймайтын мерзімді баспасөз өкілдерінің де желпініп, бір серпілетін күні. Баспасөздің бүгінгі жәй-күйі қозғалып, келешегі сөз болады. Ең бастысы, оқырманымен бетпе-бет кездескен баспасөз өкілдері үшін ашық алаңға айналды. Жалпы, дәстүрге айналған «Жазылушылар күні» бұл газет пен оқырман арасын байланыстырып тұрған алтын көпір. Осынау бір ғана күннің кейде тұтас бір басылымның тағдырын шешкен де кездері болған. Дәл осы күні қала тұрғындары өздері қалаған басылымға таңдап жүріп жазылады.

«Жазылушылар күнінің» тағы бір ерекшелігі – әрбір басылымның оқырмандарына жасалатын жеңілдіктері бар. Мұндай жеңілдіктер жыл бойы емес, дәл осы күні ғана жасалады. Сонымен қатар, оқырмандардың газетке жазылған түбіртектерін ұтысқа қосып, бағалы сыйлықтарды ұтып алуға да мүмкіндігі бар. Осындай ерекшелікке толы «Жазылушылар күні» биылғы жылы ерекше екпінмен өтті. Әлемдік індетке байланысты тоқтап қалған үрдіс қайтадан жанданды. Жазылушылар залы оқырмандарға толды.

Алғашқы сөз кезегін «Қазпошта» акционерлік қоғамы



«Алматы почтамын» Алматы филиалы директорының бизнес жөніндегі орынбасары Темірхан Мұсаев алды.

– Осы мекемеде бүгін баршамыз жиналып, басымыздың қосылғанына қуанып тұрмын. Әлемдік індетке байланысты 2019 жылдан бастап «Жазылушылар күні» тоқтап қалған еді. Былтыр осы мерекені қайта жаңғыртып, қолға алу үшін «Дөңгелек үстел» өткізгенбіз. Сол басқосуда бұл үрдісті жаңғырту мәселесі күн тәртібінде қаралды. Нәтижесінде бүгін сіздермен қайта қауышып отырмыз. Біздің мекеменің басты мақсаты – мерзімді баспасөздің жандануы үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу. Сіздердің еңбектеріңізді, өнімдеріңізді оқырманға жеткізу. Әрине, қазіргі жаһандану заманында цифрландыру белең алғанымен, дәстүрлі баспасөздің, газет пен журналдың орны ерекше екені белгілі. Сондықтан бұдан былай «Жазылушылар күнін» жылына екі мәрте өткізгелі отырмыз, – деді Темірхан Кенжалыұлы.

Келесі сөз кезегін алған «Пошталық сервис» филиалы-

ның директоры Нұржан Жабаев «Жазылушылар күнінің» ерекшеліктерімен қатар, пайдалы тұстарының да көп екенін тоқталды. Оқырман үшін де, басылым үшін де нәтижелі үрдіс екенін айтып, табыс тіледі.

Сонымен қатар, бұл күні баспасөз өкілдері де осынау іс-шараға ұйытқы болып отырған «Алматы почтамына» ризашылықтарын білдірді.

«Егемен Қазақстан» газетінен Айгүл Тұрысбекова, «Almaty aqshamy» газетінің жауапты хатшысы Серік Жұмабаев сөз алып, ұжымның алғысын жеткізді.

«Жазылушылар күніне» «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті», «Almaty aqshamy», «Вечерний Алматы», «Заң», «Түркістан», «Мөлдір бұлақ», «Балалар әлемі», басқа да көптеген басылым өкілдері қатысып, өз өнімдерін ұсынды.

Түс қайта «Жазылушылар күні» аясында басылымдарға жазылған оқырмандар ұтыс ойындарына қатысып, Алтынай Садыбекова жүлдеге ие болды.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ҚОНАЕВ – 110

КЕМЕҢГЕР ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында ғалым, филология ғылымының кандидаты Диар Асқарұлы Қонаев құрастырған «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмір және еңбек шежіресі» атты кітаптың тұсаукесері өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ



Бұл кітап халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірі мен еңбек жолына арналған.

Жинақта ұсынылған құнды құжаттар Қазақстанның экономикалық әлеуетін, оның ғылымы мен мәдениетін қалыптастырып, дамытуға қосқан Д.А.Қонаевтың зор үлесін ашып көрсетеді. Іс-шараны белгілі журналист, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының вице-президенті Валерий Жандәулетов жүргізіп отырды.

Алғашқы сөз Қазақстанның халық жазушысы, лингвист-зерттеуші, түркітанушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, «Невада-Семей» қозғалысының көшбасшысы, Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығының директоры Олжас Омарұлы Сүлейменовке берілді.

Сондай-ақ, шараға ғалым, техника ғылымының кандидаты, «Экология» халық академиясының академигі, Халықаралық Д.А.Қонаев қорының вице-президенті Эльдар Қонаев, ғалым, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының жетекшісі Диар Қонаев, социология ғылымының докторы, профессор, ҰҒА академигі, философия, саясаттану және дінтану институтының Бас директоры Серік Сейдұманов, заң ғылымының докторы, профессор, Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры Әмірәлі Жалаири, Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығының қызметкері Валерий Толмачев, әлеуметтану ғылымының докторы, профессор Майдан Әбішев, Д.А.Қонаев атындағы мемориалдық мұражай-пәтерінің сақтаушысы және мұражайдың ғылыми бөлімінің меңгерушісі Жәңнет Серікбаева, т.б. ақын-жазушылар, әдебиеттанушылар, қоғам қайраткерлері мен БАҚ өкілдері, студенттер және кітапхана оқырмандары қатысып, ұлы тұлға жайлы естеліктерімен бөлісті.

Сонымен қатар, іс-шарада ҚР Ұлттық кітапханасының қорынан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың шығармашылығы мен өміріне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жиында Д.Қонаевқа арналған кітап ҚР Ұлттық кітапханасының қорына сыйға тартылып, қатысушыларға да табысталды.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
ақын, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері:

ДИМЕКЕҢНІҢ ЕРЛІГІН ЕЛ БІЛЕДІ



Димекен біршама дүние жазып қалдырды. Оның ішінде өзі жайлы естеліктер де ұшырасады. Дегенмен, анау айтқандай молырақ жазып үлгермеді. Осының өзі үлкен еңбек деп санаймыз. 1986 жылы ол кісінің ізіне түсушілер пайда болды. Қызметтен алды. Дү-



ние-мүлкін іздеп, тінгіді. Горбачевтың осындай нашар пиғылын сездік. Сондай күндердің бірінде Димаш Ахметұлымен кездіктік. Сөйтіп, кітап жазуға кеңес бердім. Содан бастап материалдар мен дереккөздерді қарады. Кітап жазуға кірісті. Біздіңше, Кеңестер Одағының басшысы Михайл Горбачев кәтелік істеді. Димекенді дұрыстап, сый-құрметін көрсетіп, зейнет жасына шығарып салуына болар еді. Сонда ешқандай да студенттердің толқып болмас еді. Әйткенмен, сол жылы 16 желтоқсанда пленум өтті. Арғы жағындағы оқиға көпшілікке белгілі деп ойлаймын.

Қазір Жаңа Қазақстанды құруға тырысып келеміз. Бұл он өзгерісті аңғартады. Сондай-ақ, осы сөзді айтқан сайын XX ғасырдың 60–70-жылдарындағы жақсы кезеңдер ойға оралады. Оның біразында Қонаевтың қолтаңбасы, көрнекті істері бар. 80-жылдары ахуал шытынай бастады. Ал 90-жылдары Одақ тарап тынды. Дегенмен, қазіргі ахуал бөлек. Еңсеміз көтеріле бастады. Жаңа леп келгендей. Алда осы қарқыннан танбау қажет. Халқымыздың айрықша туған ұлдарын ардақтай беріміз шарт.

Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,
«Невада-Семей» антиядролық қозғалысының
вице-президенті:



ДАРА ТҰЛҒА ЕДІ

Дінмұхамед Ахметұлы еліміздің өркендеп өсуіне үлес қосқан бірден-бір дара тұлға. Ол кісінің өмір жолы, халыққа жасаған жақсы жұмыстары көптің есінде. Биылғы жыл өзіндік ерекшеліктерімен есте қалуда. Тек қана ескерткіштер ашылып, конференция мен кездесулер өтіп жатқан жоқ. Тіпті, әлем үшін де өзгеше болуда. Соған қарамастан, ұлы тұлғаны ұлықтау, артындағы ел-жұртының есінде мәңгі қалдыру үшін біраз шаруа жасалуда. Оның атындағы қор, мұражай, белгілі мәдениет қайрат-

керлері осындай шараның өтуіне мұрындық болды. Сол себепті де, ақпарат құралдарының жөні бір бөлек дегенді айтқымыз келеді. Ақпарат саласының мамандары қолдарынан келгенше атаулы іс-шараны бұқараға жариялап келеді. Олардың еңбегі зор. Тағы бір нәрсені айрықша айтуды жөн санаймын. Біз Эльдар, Диар Қонаевтармен бірге көпшілікке беймәлім болып келген деректерді аштық. Мұның бәрі халқы сүйген айрықша тұлғаның өмір жолы мен қызметінің жарқын беттерін бұрынғыдан да таныта түседі демекпін.

Эльдар ҚОНАЕВ,
техника ғылымының кандидаты, қоғам қайраткері:

ИГІ БАСТАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



Мемлекет басшысының бастамасымен Қапшағай Қонаев қаласы болып ауысты. Содан бері жаңа леп соққандай болды. Енді байқасақ, Қонаев шаһарына айрықша көңіл бөлінуде. Бұл – көңіл қуантарлық жағдай. 110 жылдық мерейтойға байланысты түрлі мереке өткіздік. Соның ішінде спорттық шаралар да жетерлік. Біздің ойымызша, сол қала ақылды қалаға айналады деп үміттенеміз. Алдағы уақытта әлеуеті одан сайын қарқындап дами береді деген зор сенімдеміз. Оның үстіне, облыс орталығы атанды. Мұның өзі аса зор серпін береді.

Осы жыл ерекше болды. Дінмұхамед Қонаев ағамыздың аты ұлықталуда. Біз жыл басында конференция ұйымдастырдық. Одан кейін бұл ісімізді Талдықорған, Шымкентте өткіздік. Біз шығарған кітаптың маңызы жоғары. Архивтерден мол дерек таба аламыз. Тіпті, сирек кездесетін қорлардан тың мағлұматтар мен құжаттар іздестіре беру керек. Сонда ғылыми айналымға еніп, зерттеу нысаны ұлғая түседі. Бір сөзбен айтқанда, Д.Қонаев ғасырында бір туатын, халқы үшін жаралған жан дегіміз келеді.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Әбішев әлемі» көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.

Көрмеде: Экспозицияға автордың 40-қа жуық мүсін туындылары мен монументалды ескерткіштердің фотосуреттері ұсынылады.

Мүсінші Бақытжан Әбішевтің шығармашылығы 1970 жылдары Қазақстан бейнелеу өнеріне өзіндік ұлттық мәнерімен енді.

Күні мен уақыты: Қараша айының 19-ына дейін тамашалауға болады. Жас санаты: 3+.



«Қара қабылан»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.

Күні мен уақыты: 19 қараша, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Өндіріс елі: АҚШ.

Режиссері: Райан Куглер.

Басты актерлар: Мартин Фриман, Летишия Райт, Лупита Нионго, Ангела Бассетт.

Жанр: фантастика, экшн, триллер.

Ұзақтығы: 2 сағат 25 минут.

Жас бойынша шектеу: 12+.



«Gaziz Khan»

Өтетін орны: Алматы қаласы, Республика сарайы.

Өтетін уақыты: 19 қараша, 17.00.

Әншілер: қазақ эстрадасының жұлдыздары.

Концерт: Қазақ ән өнерін насихаттауға үлесін қосып жүрген Ғазизхан Шекербековтің шығармашылық кеші жаныңызды жадыратып, көңіліңізге ой салары анық.



Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
21 ҚАРАША

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 74 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб
18.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 75 серия
21.00 Телехикая.
22.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
23.00 Мужской сериал. «Агент» 9 серия
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Басты назарда (қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

06.00 Өнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй-көруен»
07.00 «TANSHOLPAN» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз» телехикая
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ»
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жүрегімнің жауһары» телехикая
14.10 «Қызық екен...»
15.00 AQPAPAT
15.15 «Тұлға» деректі фильм
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ» телехикая
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ» телехикая
18.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. АНГЛИЯ – ИРАН
21.00 AQPAPAT
21.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ЖАУҒАРЫ» телехикая
22.30 «БАУЫРЛАР» телехикая
23.20 «1001 ТҮН» қоғамдық бағдарлама
00.35 «Сана» ток-шоу
01.35 AQPAPAT
02.10 «Өмір көркем»
03.00 «Ауылдастар»
03.30 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Телевикторина.
«Бегом за деньгами»
07.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер! «Бақыттың кілті»
10.30 Тұсаукесер! «Бір кітап»
10.35 Тұсаукесер! «Менің өмірім»
11.00 Тұрсынбек Қабатовтың «Jur-jubuten» шоуы
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»

14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Паранойя»
17.00 Телевикторина.
«Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар.
Біздің мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Мелек»
22.00 Тұсаукесер!
«Гүлдер жыламайды»
23.00 Телесериал.
«С меня хватит»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 «Күліп ALL»
08.00 Ризамын
09.00 «31 әзіл»
09.30 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.00 Т/сериал «Невиновный»
11.40 Анимационный фильм
«Мишки Буни. Тайна цирка» (повтор)
13.50 КИНО. Адам Сэндлер в фантастической комедии «Пиксели» (повтор)
16.10 КИНО. Мартин Фриман в фэнтези «Хоббит. Нежданное путешествие» (повтор)
20.00 Информбюро (русс./каз.)
21.00 КИНО. Сами Насери в комедийном боевике «Такси»
23.00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
00.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
Прямой эфир
22.35 FIFA QATAR 2022.
Аргентина, Мексика
құрамалары
23.00 «Катарға дайындық».
Деректі фильм
FIFA QATAR 2022.
Журнал.
(16 шығарылым)
00.20 ФУТБОЛ.
FIFA QATAR 2022.
Превью матча.
Студийная программа.
Прямой эфир
00.50 ФУТБОЛ.
FIFA QATAR 2022.
Әлем Чемпионаты.
Аргентина –
Мексика.
Тікелей эфир
02.50 FIFA QATAR 2022.
Журнал.
(8 шығарылым)
03.15 Ұнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Ұнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көліктер»
7.40 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Көжектер»
8.30 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
8.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары»
ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-
сауықтық бағдарлама
Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.00 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
10.05 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы кітаптар»
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
11.55 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
12.20 «Ақ құс» телехикая.
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық /
«Трансформер Тұлпар»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 «Ежелгі қалаларға
саяхат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
15.55 «Күмбір live» танымдық
бағдарлама.
16.10 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық /
«Жібек»
17.30 Анимация. Отандық /
«Глобус»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көліктер»
19.35 Анимация.
Отандық / «Сәби»
19.50 Анимация. Отандық /
«Көжектер»

20.10 «А4» ситком.
20.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
20.55 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
21.15 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
«Жасыл ел»
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Ақ құс» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Әйел тағдыры»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Шымкент шоу»
15.20 «Загадай желание»
Худ. фильм
17.45 «Көру керек!»
бағдарламасы
19.10 «Жұлдызбысың»
20.00 «Sagar Times» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.45 «Гудбай, мой бай 2»
Худ. фильм
02.00 «Көру керек!»
бағдарламасы

TALIM TV TALIMTV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің – Анам, Әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 25-сағат
14.40 По душам
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Капля добра в
пустыне» –
Деректі фильм
16.30 «Сенбілік серуен»
17.00 Views
18.10 Дара тіл
18.30 «Бабалар сөзі –
өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
20.00 «Подкаст 7-келін»
21.15 «Шымкентский фильм» –
Таласфильм
21.40 Идея
23.00 Views



ЖЕКСЕНБІ
27 ҚАРАША

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Балалар кино клубы
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 IQ Almaty
12.00 Сәлем, Алматы!
12.40 Үздік әзілдер
13.50 ТҰСАУКЕСЕР!
Ана мен бала
14.30 Алматинские истории
15.00 Женский кино клуб
19.00 Телехикая
22.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Няня. Бизнес по-киздарски»
7 серия
23.00 Мужское кино.
1.00 Бақытты отбасы (қайталау)
1.30 Алматы тұнған тарих
1.55 Алматинские истории
2.20 Алматы кеші
3.10 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

06.00 Өнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 AQPAPAT
07.00 «Күй-керуен»
07.30 «Дәуір даналары»
деректі фильм
08.20 «AQSAҮҮТ»
08.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз»
телехикая
12.00 «Ральф» мультфильм
13.30 «Әзіл әлемі»
15.25 ӘДІЛЕТ ЖАУҒАШАРДЫҢ
КОНЦЕРТІ
17.25 «ТІРШІЛІК»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ»
телехикая
20.00 «АРТА» сараптамалық
бағдарлама
20.40 «НАРТӘУЕКЕЛ»
зияткерлік-сауықтық
телевикторина
21.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022.
ХОРВАТИЯ – КАНАДА
24.00 «Көңіл толқыны»
00.30 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022. Студиялық
бағдарлама
00.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022.
ИСПАНИЯ – ГЕРМАНИЯ
03.00 «Арта» сараптамалық
бағдарлама
03.50 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Тағдырым,
саған ризамын...»
Сұлушаш
Нұрмағанбетова
08.00 Мегахит.
«Все деньги мира»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 Тұсаукесер!
«Помощь в дом»
11.30 Тұсаукесер!
«Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 Мультфильм. «Команда
котиков»
14.50 Мультсериал. «Артур и
дети круглого стола»
Телехикая марафоны.
«Шах сарайының
құпиялары»
17.00 Тұсаукесер!
«Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына»
мега шоуы
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubutep» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 «Культурный контекст»

23.15 Мегахит. «Рейд»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Информбюро
07.10 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. Нуртас Адамбай
в комедии «Свадьба на
троих» (повтор)
12.30 Анимационный фильм
«Хороший динозавр»
(повтор)
14.30 КИНО. Анджелина
Джолли в фэнтези
«Малефисента.
Владычица тьмы»
(повтор)
17.10 КИНО. Мартин Фриман
в фэнтези «Хоббит.
Пустошь Смауга»
(повтор)
20.40 КИНО. Джейсон
Стэйтем в боевике
«Защитник»
22.40 «Алдараспан»
00.30 Тамаша live
01.30 What's up?
02.30 «31 әзіл»
03.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.20 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.25 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
8.35 «ПОЕХАЛИ!»
9.40 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.35 «QAYMAQ»
бағдарламасы
11.10 «ДОКТОР ИВАНОВ.
СВОЯ ЗЕМЛЯ».
Многосерийный фильм
15.45 «X FACTOR».
Девятый сезон
16.50 Станислав Бондаренко,
Анастасия Савосина,
Анна Носатова в
фильме «ИНТИМ НЕ
ПРЕДЛАГАТЬ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Ольга Олексий,
Александр
Константинов, Михаил
Гаврилов-Третьяков,
Виктор Васильев в
многосерийном фильме
«ВСЕ, ЧТО ЗАХОЧЕШЬ»
1.30 «КВН-2022». ВЫСШАЯ
ЛИГА
3.20 «П@УТИНА»
бағдарламасы
4.05 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 5.30



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Заттыбек
Көпбосынұлының
«Ақ тілегім – Астана!»
атты концертті
08.40 Т/п «Құтты қонақ»
09.10 Т/п «Смеяться
разрешается»
11.30 Шоу «Битва поколений»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Әлішер Кәрімовтың
«15 жыл сахнада!» атты
концертті
15.30 Х/ф «Брат или брак»
17.30 Х/ф «Миллионер»
20.00 Х/с «Озноб»
00.30 Т/п «Құтты қонақ»
01.00 Әлішер Кәрімовтың
«15 жыл сахнада!»
атты концертті
02.00 Jaidarman

03.00 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Тамаша»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
07.50 «ТОҒЖАН», отандық
телехикаясы. С
субтитрами на русском
09.00 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.20 «РАДИ ТВОЕГО
СЧАСТЬЯ», детективная
мелодрама (повтор)
(худ. сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы
17.00 «СЛУЧАЙНЫХ
ВСТРЕЧ НЕ БЫВАЕТ»,
мелодрама (худ. сериал)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ИЩИТЕ МАМУ»,
мелодрама. Премьера!
(худ. фильм)
00.00 «ЮМОРИНА» (повтор)
02.10 «ТОҒЖАН», отандық
телехикаясы. С
субтитрами на русском
03.00 «OZAT OTBACЫ»
(қайталау)
03.45-
04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс»
(Астана) – «Спартак»
(Москва)
09.25 FIFA QATAR 2022.
Франция, Дания
құрамалары
09.55 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
Франция – Дания
11.55 «Катарға дайындық».
Деректі фильм
12.50 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
Аргентина – Мексика
14.50 FIFA QATAR 2022.
Журнал.
(17 шығарылым)
15.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR
2022. Матч қарсаңында.
Студиялық бағдарлама.
Тікелей эфир
15.50 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
Жапония – Коста-Рика.
Тікелей эфир
17.50 FIFA QATAR 2022.
Журнал. (9 шығарылым)
18.20 ФУТБОЛ.
FIFA QATAR 2022.
Превью матча.
Студийная программа.
Прямой эфир
18.50 ФУТБОЛ.
FIFA QATAR 2022.
Әлем Чемпионаты.
Бельгия – Марокко.
Тікелей эфир
20.50 FIFA QATAR 2022.
Журнал.
(18 шығарылым)
21.20 ФУТБОЛ.
FIFA QATAR 2022.
Превью матча.
Студийная программа.
Прямой эфир
21.50 ФУТБОЛ.
FIFA QATAR 2022.
Әлем Чемпионаты.
Хорватия – Канада.
Тікелей эфир
23.55 FIFA QATAR 2022.
Журнал.
(10 шығарылым)
00.25 FIFA QATAR
2022. Испания,
Германия құрамалары
00.50 ФУТБОЛ.
FIFA QATAR 2022.
Әлем Чемпионаты.
Испания – Германия.
Тікелей эфир

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
Анимация. Отандық /
«Көңілді көліктер»
7.40 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Көжектер»
8.30 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
8.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары»
ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-
сауықтық бағдарлама
Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.05 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 «Білім бәйгесі» оқу-
танымдық бағдарлама
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
11.55 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
12.20 «Ақ құс» телехикая.
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық /
«Трансформер Тұлпар»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 Анимация. Отандық /
«Күшік»
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
15.55 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
16.10 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық /
«Жібек»
17.30 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация.
«Дүлдүл»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көліктер»
19.35 Анимация. «Сәби»
19.50 Анимация. «Көжектер»
20.10 «А4» ситком.

20.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
20.55 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
21.15 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Ақ құс» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00 «Әйел тағдыры»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Бақыт құшағында»
бағдарламасы
14.00 «Жұлдыздар айтысады»
17.20 «Ганг, твои воды
замутились» Худ. фильм
21.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.45 «Загадай желание»
Худ. фильм
02.00 «Көру керек!»
бағдарламасы



TALIMTV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 «Саморазвитие» –
Маржан коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала
деменіз» – Балалар
уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Бәйге» – Ұлттық спорт
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Ұлт саулығы
15.00 ТамашаLike
16.00 «Ұлы дала
комедиясы» –
Көркем фильм
17.30 Қышқыл-мысқыл
18.00 «Кеш емес» – Қ.м.ф
18.30 «Бабалар сөзі –
өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Пруст сауалнамасы
20.00 «Бір дубль»
21.20 Айтыс Fights
21.40 Бақытты отбасы
22.00 Руханият
22.30 Балалық шаққа саяхат
23.00 Views

«Жеті қазына». Мега шоуы.
«Хабар» арнасы. Сағат 17.30-да.



● ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП

ӘШЕКЕЙДІҢ ДЕ АЙТАРЫ БАР...

Қазақ тарихының қалыптасуына қазақ зергерлік өнерінің қосар үлесі мол. Қазіргі таңда көне дәуірлер өнерінің «тілін» жеткізіп отырған қолөнер бұйымдары мен металдан жасалған бұйымдар десек, қателеспеспіз. Қазақтың халықтық зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр.



Қазақ халқының зергерлік өнері Қазақстанның Алтайдан Оралға және Сырдариядан Солтүстік орман далаларына дейінгі жерлерін мекендеген көшпелі халықтар мәдениетінің дәстүрі негізінде қалыптасты. Археологиялық қазбалар жүргізген кезде осы аталған аймақтардан алтын, күміс, қоладан жасалған, қымбат тастармен әшекейленген ескерткіштер табылған. Табылған заттар арқылы қазақтың зергерлік өнерімен салыстырып, түрлі-түсті асыл тастарды, алтынды пайдалану тәсілдерінің сол уақыттан бері келе жатқанын анықтаған.

Біз осы тұста қазақтың ұлттық әшекейлерінің мәні мен тағу мәнеріне ерекше тоқталуды жөн көрдік.

Қазақ зергерлері негізінен әйелдердің сәндік әшекей заттарын (сырға, білезік, жүзік, сақина, шолпы, алқа, қатырма, шашбау, т.б.), ұсталар батырлардың қару-жарақтарын (айбалта, көксүнгі, алдаспан, дулыға, кісе, қорамсақ, садақ, шоқпар), шеберлер үй іші мүліктерін (кебеже, жұкайяқ, ағаш төсек, асадал, адалбақан, зерлі аяқ), аңшылық жабдықтар (томаға, тұғыр, балдақ, оқшантай), музыка аспаптарын (асатайяқ, қобыз, домбыра, сыбызғы, дауылпаз, сазсырнай) әсем жасай білген. Қазақтың зергерлік заттарында жан-жануарларға байланысты мифтік ұғымдағы өрнек түрлері (қошқар мүйіз, түйе табан, таңдай), көкөніс өрнектер (жапырақша, гүл, сабақша), ұласымды өрнектер (ырғақ, сағақ-



тау, айқас), геометриялық өрнектер кездеседі.

«Зергерлік бұйымдарды жасағанда алтын, күміс және бағалы тастарды пайдаланған. Қазақ зергерлері әйелдердің сәндік әшекей заттарын негізінен түсті металдардан жасады. Әсіресе, күмістен соғылатын көптеген сәндік бұйымдар – сәукеле әшекейлері, сырға, шолпы, шекелік, алқа, өңіржиек, қолтықша, тұмарша, білезік, сақина, жүзік, белбеу, қапсырма, түйме, тана, тіс шұқығыш ертеден-ақ кең тараған заттар.

Зергерлік өнердің туындылары жауға – айбар, жақынға – мақтан, аруға – ажар, жігітке – жігер беретін болғандықтан, батырлардың ерлігіне, ақындардың тапқырлығына, жүйріктердің бәйгесіне сыйға тартылатын да болған. Сәндік бұйымдардың ішінде біреу білсе де, біреу білмейтін, салтанатты жағдайларда ұшы бас киімнің бауына немесе самай шашқа бекітілетін «шекелік» деген әшекей бұйым бар», – дейді бейнелеу өнері музейінің ғылыми қызметкері Назерке Жартын.

ШЕКЕЛІК

Шекелік бірнеше бөліктерден тұрып, оған тағылатын әшекейлер үзбелі болып келеді. Салмағы мен ұзындығы әртүрлі. Кейде иықтан төмен түсіп тұратын болған. Көбіне геометриялық пішіні біркелкі, бір-бірімен тіркескен жалпақша бөлшектерден жасалады. Шекелік үшбұрышты, жүрекше, ромб, гүл жапырақшасы тәрізді және басқа пластиналардан құралып, шынжырмен немесе ілгектіжүзік тәрізді әдіспен байланысады.

Үзбелі әшекейлерден құралған шекелік бірнеше бөліктерден тұрады. Селдір суыртпалардың күрделі үлгідегі жасалған әсем салпыншақшалары да өте тартымды көрінеді. Басты ерекшелігі – күнді бейнелейтін бір-бірімен арасы сым желі арқылы ұласатын қос шеңберлі жалпақ суыртпақтар да барынша сәнді. Біріне өрнек ретінде шаңырақ алынса, келесісі – үш бұрышты гүл жапырақшасымен өрнектелген. Зергер көк түсті

эмальмен белгілі элементтерін бояу арқылы көркемдей түскен.

БІЛЕЗІК



Қазақ әйелдерінің ең көп тұтынатын бұйымы – білезік. Ол көбінесе жұмыр, төрт қырлы және ширатпалы болып келеді. Білезіктің ашылып жабылатын түрі де болады. Әйелдерге арналған әсем бұйымның бірі – жүзік. Оның үстіңгі бетіне әртүрлі тастардан не өнді әйнектерден ою-өрнек жүргізіледі.

Жүзікке көбінесе күмістен көз, балдақ, құс тұмсық орнатылады. Соған орай көзді, балдықты, құс тұмсық жүзік деп аталады. Мөр жүзіктер де болады. Әйелдерге және ерлерге арналған сақиналар да соғылады. Күміс сақиналар көбінесе шапқымен шикіліп, бізбен ғана безіледі. Беті көлемді құдағи жүзіктер де істеледі. Әйелдер құдағи жүзігін көбінесе келіндеріне, не қызының біріне мұра ретінде сыйға тартқан. Шебер ұсталар сақина мен жүзікке есімдерді де өрнектеген.

СЫРҒА



Қазақ әйелдеріне арналған көркемдік бұйымның тағы бір түрі – сырға. Сырғаны көбінесе бойжеткен қыздар құлаққа тағады. Сондықтан сырғалар әсем де жеңіл жасалады. Сырғаның ай, айшықты,

тұмар қозалы, салпыншақты, тас алтын, күмісті, қоңыраулы, күмбезді, т.б. түрлері болған.

Қазақ әйелдерінің ең жеңіл бұйымдарының бірі – алқа. Ол бір-бірімен шығыршық арқылы жалғасады және бірнеше төрт бұрыш, үш бұрыш, дөңгелек әшекейлерден көрініп тұратын болғандықтан, асыл тастармен өнді әйнектермен безендіріледі.

Қазақтың бойжеткендері шолпы таққан. Шолпыны ызған не кестелі бауға тағып, шашпен бірге өріп қойған. Жас әйелдердің көп қолданылған әсем бұйымының бірі – шаш қалта. Оны тана моншақпен безендіріп, өрген шашты соған салып қояды.

Әйелдер мен еркектер үшін істеліп, көп тұтынатын заттың бірі – түйме. Шебер зергерлер бойжеткен қыздың немесе батырдың түймесін алтын, күміс, мыс, т.б. металды қолданып, әшекейлеп, оюлап жасайды. Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш түймелер істелген. Түйменің сабағы, сағағы жоғын тана деп атайды.

Қазақ зергерлері қыздар мен келіншектердің ісмер, шебер болуы үшін және қолды жарақаттап алмауы үшін оларға арнап әдемі оймақтар жасаған. Оймақ көбінесе күміс пен мыстан өрнектеліп, ине тоқтар жері көп шұқыланып бейнеленген. Оймаққа өте жіңішке күміс бау да тағылған. Оймақ былғарыдан да жасалады. Оны матадан көйлек, камзол, т.б. іш киімдер тігуде қолданады.

ТҮЙРЕУІШ

Қазақ келіншектерінің ең әдемі, ең көп қолданған әшекей заты – түйреуіш. Әсіресе, кербез әйелдер алтындаған, күмістеген және оқшантайлы белбеу буынған. Қазақ әйелдері алтындаған, күмістеген, әрі жіңішке әрі жібекпен шеккен, шығыршықты ілмекті үзбелі белбеу тұтыған. Оның қалай және неден істелгенін, қалай әшекейленгенін, нендей қосымша пайдаланатын құралы барлығын білдіреді. Оның қалай және неден істелгеніне байланысты «шығыршықты белбеу», «мақпал белбеу», «дүрия белбеу», т.б. аттары бар.



P.S. Қазақ ырымында әшекейлер арқылы тұтынған кісіге жақсы ырым мен сәттілік тілеудің кейбір түрлері бұйымның нұсқасы мен өрнегі арқылы да меңзелген.

Бетті әзірлеген Айжан БҰРКІТБАЕВА.



ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

«ХАТ ЖАЗЫП ТҰР, САҒЫНЫШЫНДЫ СЫЙҒЫЗЫП» қашықтықты жеңеді тек хат қана...

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

ҮЛКЕН МЕКТЕПТЕН ӨТТІМ

Ұлттық ұланның Алматы қаласындағы 7552 әскери бөлімінде қызмет етіп жатқан қатардағы жауынгер Жұмашев Ырыскелді Қиялбекұлы Жамбыл облысындағы Меркі ауданына қарасты Меркі ауылында тұратын ата-анасы Қиялбек Тәліпұлы мен Сәуле Едсебекқызына былайша хат жазды.



Амансыздар ма, қымбатты менің әкешім, анашым?! Хал-жағдайларыңыз, денсаулықтарыңыз қалай? Мәриябүбі әжем қуатты отыр ма? Қылымгүл әпкем қалай? Ауыл-ел тегіс аман ба?

Ал өзіме келетін болсам, жағдайым жақсы. Әскери қызмет ойдағыдай. Алматыға күз келіп, күн көзі күңгірт тартып тұр. Мұндай ауа райының аздап еңсені езетіні бар. Енді бір айдың көлемінде, Алла қаласа, қызметімді аяқтап, үйге ораламын. Сол

күнді асыға күтіп жүрмін.

Ұлттық ұлан қатарында қызмет еткенімді әрқашан мақтан ететін боламын. Мен үшін әскер үлкен мектеп болды. Ең бастысы, ең жақын адамдарым, ата-анам, бауырларым, туыстарым және туған жерімді бұрынғыдан бетер қадірлей түстім. Уақыттың қадірін білдім, еңбектің наны тәтті дегенді түсіндім. Әскерден мен мүлдем басқа адамдай, өмірге жаңаша қарайтын азамат болып ораламын! Әскерден оралып жатқан менің сыныптастарым да солай ойлайтын шығар деп сенемін.

Мама, папа, мен сіздерді әрқашан құрмет тұтамын! Көріскенше аман-сау болыңыздар!

Сәлемнен, ұлдарыңыз Ырыскелді.

Қазіргі күні бір-біріне хат жазатын жандар өте сирек шығар. Ақпараттық технология өмірімізге дендеп енгелі, қолымызға қалам ұстамайтын да болдық. Ойымызды ватсап арқылы жаза саламыз, оның өзінде де қаптаған смайликтер-ақ біз үшін «сөйлеп», «айтып» береді барлық жаңалықты. Тіпті болмаса, бейнеқоңырау арқылы да тілдесе қоямыз. Ал ҚР Ұлттық ұлан сарбаздары отбасына деген сағынышын хат арқылы жеткізеді. Кәне, бірге оқып көрейік.

МЕНІ ШЫНДАЙ ТҮСТІ

Ұлттық ұланның Қызылорда қаласындағы 5547 әскери бөлімінде қызмет етіп жатқан қатардағы сарбаз Қоңырбайұлы Мақсаттың әкесі Қоңырбай Мұхамедиярұлы мен анасы Анаргүл Ысқаққызына жолдаған «сәлем хаты» не дейді?



Сәлем бердік, құрметті папа, мама! Хал-жағдайларыңыз қалай? Мама, ауырмай, жақсы жүрсіз бе? Мені уайымдай бермеңіз. Менің хал-жағдайым жақсы. Мен ер жігітпін ғой, Отан алдындағы борышымды өтеуге келдім. Бұл – менің міндетім. Сондықтан мама, сіз көп алаң болып, ойлай бермеңіз! Менің қызметім жақсы. Әскерге келгенім кеше сияқты еді, міне, бір жылға жуық уақыттың қалай өткенін байқамай да қалыппын. Әскери қызмет өте қызықты.

Үйренгенім де көп, жолдастарым да көп. Командирлер бізге барынша көп білім беріп, мықты, рухты болуға тәрбиелеуде. Әскердің тәртібі мені шындай түсті. Ұлттық ұлан сарбазы болғанымна қуанамын. Ұландағы қызметім менің болашақ өміріме үлкен жолдама болатын болды. Өзім туралы қысқаша осылай. Ауыл-аймақ аман ба? Өтегендегі жақындар, Кегендегі туыстардың хал-жағдайлары қалай? Бәріне менен сәлем айтыңыздар!

Сәлемнен, ұлдарыңыз Мақсат.

ҚЫМБАТТЫЛАРЫМ МЕНІҢ!

Ұлттық ұланның Тараз қаласындағы 5513 әскери бөлімінде қызмет етіп жатқан қатардағы Құсайынов Хасен Қайратұлының әкесі Қайрат Құсайынұлы мен анасы Гауһар Әскерқызына жолдаған «сәлем хаты» да оқып көрсек.



Сәлеметсіздер ме, анашым, әкешім, інім, қарындасарым! Денсаулықтарыңыз жақсы ма? Әскерге келген алғашқы айдың қиын болғаны рас, ант қабылдаған күннен кейін үйреніп кеттік. Танертең ерте тұру, әскери тамаққа үйренісе алмау, ұйқы да қанбай, тәтті-ашы жегіміз келіп, біраз дел-сал күйге түскеніміз тағы шындық. Үйді сағынып, құдды бір басқа әлемге келгендей болдым. Бірақ намысқа тырысып, жолдастардың, командирлердің көмегімен тез арада әскер өміріне

төселіп үлгердім. Ол күндер де сырғыды, артынан айлар өтті. Шыны керек, әскерде уақыт деген зулайды екен. Осылайша апта артынан апта өтіп, қызметімнің он бірінші айына да жетіп қалыппыз. Бұйырса, бір айдан соң өздеріңізге аман-есен ораламын. Әскер қызық пен шыжыққа толы. Жаңа достар таптым. Әскер маған ата-ананың, үйдің қадірін түсінуді үйретті, мұнда келгеніме еш өкінбеймін. Кезінде «әскерге барамын» дегенімде, маған қолдау көрсеткендеріңізге алғыс айтамын. Көріскенше күн жақсы болсын, қымбаттыларым!

Сәлемнен, ұлдарыңыз Хасен.

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

Балалар
жылы
2022

ӨЗІНЕ СЕНІМДІ БАЛА қайдан шығады?

– Ана, ыстықтап кеттім. Киімімді шешейінші?

– Жок! Салқын тиеді, жаурап қаласың.

– Жаурамаймын.

– Қой дедім саған, айтқанды ұғасың ба, сен бала? Көп сөйлемей, тамағыңды тауыс.

– Мен тойдым.

– Қазір қайтадан тамақ сұрап ызындап келіп тұрма. Көр де тұр!

– Әке, мына мәтінді қанша мәрте оқысам да, түсінбедім.

– Енді бар ойың далада болса, не түсінесің?!

Баланың көкейіне сенімсіздік ұялататын дәл осы сыңайлы сөздер екендігін білген жөн. Әдетте ата-аналардың көбі баласымен қалай сөйлесу керектігіне, күнделікті қандай сөздерді қолданып жүргеніне мән бермейді. Ата-ананың аузынан шыққан әрбір сөз баланың қандай адам болып өсетініне әсер етеді.

Мамандардың айтуына сүйенсек, өзіне сенбеушіліктің түпкі себебі үйде де, мектепте де баланың бар-жоғын байқамау, оның ішкі күйімен санаспастан, үнемі жекіп, төмпештеуден басталатынын алға тартады. Жалпы, сенімділік дегенді әркім әртүрлі түсінеді. Өз-өзіне сенім деп отырғанымыз – адамның бір істі жасай алатындығына нық сеніп, тас-түйін бекінуі.

Осы орайда «Өзіне сенімді баланың әрекеттері қандай болады?» деген сұрақ туындайды. Сенімді бала «кім сабақ айтады» дегенде қолын көтеріп, өз ойын еркін білдіре алады. Тақтаға шыққанда тапсырманы орындай алмай қаламын деп еш қорықпайды. Қате айтып қалса, оны оңай әзілге айналдырады немесе қателігін салқынқанды қабылдайды. Ал керісінше болған жағдайда, бала өмірде үнемі қысылып-қымтырылып, ойын бұғып қалуға бейім болады. Ондай баланың биік белестерден көрінуі де екіталай. Сондықтан балаңыздың өзіне деген

Әрбір ата-ана перзентінің өмірде биік шыңдарды бағындырып, мықты тұлға болғанын қалайды. Ол үшін баланың өз-өзіне деген сенімділігін кішкентайынан қалыптастыру маңызды. Бұл ата-анасының баламен күнделікті қалай қарым-қатынас жасайтынына тікелей байланысты. Бала өзіне сенімді болып өссе, диттеген мақсатына жетуі оңай болады. Адамдармен оңай тіл табысып, ойын еркін айта алады.

сенімділігін арттыру үшін оны жиі жігерлендіріп, мақтап, көңілін өсіріп отыруға кеңес береді мамандар.

Қазір заман дамыған. Балалармен арнайы жұмыс жасайтын орталықтар мен әлеуметтік арқылы қызмет көрсететін психолог-мамандардың саны артып келеді. Солардың бірі, алматылық Ару Сағиқызы – балалар психологі әрі төрт баланың анасы. «Балам өскен сайын тым томаға-тұйық, жасық болып барады. Не істеуге болады?» деген мәселемен қайырылатындардың саны көбін айтады маман.

«Бала өзінің іс-әрекетіне, сөзіне ересектер тарапынан жақсы қолдау сезінгенде сенімділік пайда болады. Ең алдымен, ол бір істі жасай алмаса, дұрыс жол көрсетіп, қолдау көрсеткен жөн. Істей алмайтынын мойындағаннан қорықпауға баулу маңызды. Мойындағаны үшін оған ұрыспайтынын жылы жеткізе білу керек. Екіншіден, баланың сезімін құнсыздандыруға мүлдем болмайды. Мысалы, балалардың арасында бірін-бірі мазақтау жиі болып тұрады. Сондай жағдай орын алғанда «Өзің бастаған шығарсың», «Болмайтын ұсақ-түйекке бола ренжисің бе» деп оған кінәлі сезім ұялатудан алыс болыңыз.

Тіпті кейде «Өзің де сол керек» дейтін ата-аналар да кездесіп жатады. Үшіншіден, кез келген адам өзін қорғай білуі керек. Бала ойын ашық айтып, келіспейтінін білдіру арқылы өзін қорғай алады. Және қандай жағдай болмасын балаңыздың жағында болатынын айтатын болсаңыз, бала өзіне

сенімді болып өседі», – деп жауап берді психолог.

Ал қаламыздағы мектептердің бірінде жұмыс істейтін Алтыншаш Ержанқызының айтуынша, сенімсіздік баланың сабаққа белсенді қатысуына кедергі жасайды. «Кей-бір балалар тапсырманың жауабын біле тұра, қол көтеруге батылы жетпей жатады. Бұл – мектепте көп кездесетін жағдай. Сабаққа тиянақты дайындықпен келгеніммен, үндемей отыра беретін оқушының өзіне сенімділігі төмен деген сөз. Олармен арнайы жұмыс жасау керек. Бірінші кезекте ата-анасымен баланың үйдегі көңіл күйі қандай, сабақ оқуға жайлы, қауіпсіз жағдай бар-жоғын анықтаймыз.

Ал мұғалім мұндай жағдайда баланы көп сөйлетеуге, қол көтеруін күтпестен сұрақ қоюға тырысса, бала ақырындап ашыла түседі. Мұндай кезде баланы ренжітіп алмау, төмендетіп, еңсесін түсірмеу жағына аса мұқият болған жөн. Өзіне сенімсіз оқушы мектептегі іс-шараларға қатысудан қашқақтап тұрады. Қабілетін көрсетуге ұялып, белсенділік танытпайды. Мұғалім мұндай сәттерде тартыншақ, жасқаншақ балаларды сахнаның алдыңғы жағына шығарғаны дұрыс. Алғашқыда қарсыласуы мүмкін, дегенмен бірте-бірте ысылады. Уақыт өте келе баланың көңілінде өзіне деген сенім ұялай бастайды», – деп толықтырды ол.

Адамдардың ересек өмірде потенциалын ашып, өз кәсібін дөңгелетіп кетуінің де астарында сенімділік жатыр. Кішкентай кезінде отбасында «Тиіспе, құртасың»,

«Олай жасама, құлайсың», «Тиіп кетсең бәрін бүлдіресің сен», «Айттым ғой саған, жаман болады деп» деген сөздерді жиі естіген бала ұзаққа шаппайды. Адамдардың «Кәсіп бастауға қорқамын, тәуекел ете алмаймын, жалақымды көтеру жайында бастығыммен сөйлесуге бекіне алмаймын» деген сияқты сан түрлі мәселенің шешімін іздеп, тренинг, семинарларды жағалауы бекер емес. Оның барлығының астарында өз-өзіне сенімсіздік жатыр.

Байқағаныңыздай, барлық мәселенің түпкі себебін балалық шақтан табамыз. Оны мамандар да растады. Адам өмірінің іргетасы балалық шақта қаласа, ата-ананың сол іргенің мығым, берік болып орнауына ықпалы зор. Қазақ халқы бала тәрбиесіне мән беріп, «балаң беске келгенше хандай сыйла» дегені де содан болар.

Айым НҰРМАН.

P.S:

Қалай болғанда да, кез келген қасиет баланың бойына кішкентайынан қалыптасады. Бүгін сіз тәрбиелеп отырған бала болашақта ел тұтқасын ұстайтын үлкен азамат болады. Оның өз-өзіне сенімді, бәсекеге қабілетті, жасампаз болып өсуі сізге байланысты екенін жадыңызда ұстаныңыз. Егер баланың өз-өзіне сенімді болып өссе, жақсы тәрбиенің жемісі деуге саяды.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒА
МАУСЫМЫНДА

153 АДАМ ЗАРДАП
50 АДАМ ҚАЙТЫС
БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



Дәрігер шақыру

Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ

104

QAZAQGAS
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртекпен көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

настың жаңа жүйесі, дуальды оқыту өзекті болып отыр», – деді.

Колледж басшысы Жанболат Сманұлы дуальды оқыту жүйесінің жоғары тиімділігі ол барлық қатысушы тараптардың – кәсіпорындардың, студенттердің, колледждің мүдделеріне сай келетіндігін атап өтті. «Кәсіпорын үшін дуальды білім беру – бұл «тапсырыс бойынша» кадрларды дайындау мүмкіндігі, олардың барлық талаптарына максималды сәйкестігін қамтамасыз етеді, шығындарды үнемдейді, жұмысшыларды іздейді және таңдайды, оларды қайта даярлайды және бейімдейді, сонымен бірге ең жақсы студенттерді таңдау мүмкіндігі бар. Дуальды оқытуда кәсіпорын білікті персоналдың тұрақты ағынымен қамтамасыз етіледі», – деді ол.

Іс-шара аясында қатысушылар «Жас маман» бағдарламасы бойынша сатып алынған жаңа жабдықтармен танысты.



Аталмыш іс-шараға қатысқан Алматы ауданы әкімінің орынбасары Айнұр Серікқызы ел экономикасын тұрақты дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асырудың табыстылығы еңбек ресурстарының, адами капиталдың сапасына тікелей байланысты екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Кәсіптік-техникалық білім беру бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталуы тиіс... Бұл жағдайда білім беру мекемелері мен бизнес өкілдері арасындағы қарым-қаты-

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

«ТАЗА АУА» рейдтік іс-шарасы аяқталды



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қалалық Экология департаменті, Алматы қаласының мамандандырылған арнайы табиғат қорғау прокуратурасымен бірлесіп экологиялық заңдылықтарды бұзушыларды анықтауға арналған «Таза ауа» атты 3 күндік рейдтік іс-шарасын аяқтады.

Аталған рейдтік іс-шара барысында 70 автокөліктен өлшемдер алынып, ластаушы заттардың нормативтерден ауытқуы 16 автокөліктен анықталды. Жүргізушілерге Департамент мамандары тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Полиция департаменті қызметкерлері заң бұзушыларға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 334-бабына сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қолданды: 11 жүргізушіге ескертулер беріліп, 5 жүргізушіге 214 410 теңге көлемінде айыппұл салынды.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас редактордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы борттыңдағы
жолаушыларға қолжетімді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қалалық Білім басқармасының ұйытқы болуымен барлық колледждерде дәстүрлі «Жұмыс берушілер күні» өтті.

Алматы сән және дизайн колледжінде өткен кездесу барысында педагогтар мен студенттер арнайы қатысқан жұмыс берушілермен маман даярлаудың өзекті мәселелері бойынша әңгіме өрбітті. Ашық диалог алаңында өзекті мәселелер де жан-жақты сөз болды. Жалпы, «Жұмыс берушілер күнінің» негізгі мақсаты – кадрларды даярлау сапасын арттыру бойынша жұмыс берушілермен тиімді ынтымақтастық құру.



МЕЙІРІМ



«ЖЫЛУЛЫҚ СЫЙЛА» қайырымдылық шарасы өтті



Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлының басамасымен Орталық мешітте Балалар жылына орай «Жылулық сыйла» қайырымдылық шарасы өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы жылды «Балалар жылы» деп атауына орай Жолдауды қолдау мақсатында ҚМДБ Алматы өкілдігі жыл басынан бері бірнеше іс-шаралар өткізді. Балаларға жылулық сыйлаған кезекті игі шараны өкілдікке қарасты «Зекет және қайырымдылық» қоры

мен 8 аудандық мешіт бірлесіп, мұқтаж отбасылардың 200 баласына қыстық күртешелер үлестірді.

«Сау ұрпақ – ұлттың ертеңгі болашағы. Сондықтан балаларға қамқорлық, мейірім үлкендердің басты назарында болғаны жөн», – деді бас имам Төлеби Оспан.

Ата-аналар қайырымдылық шарасына атсалысқан барша жанға ризашылықтарын білдірді.

ЖӨН ЕКЕН!

БАТА БЕРУ БӘЙГЕСІ



Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Алматы өкілдігіне қарасты 8 аудан мен қала мешіттерінің ақсақалдары арасында бата беруден сайыс ұйымдастырылды.

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Онлайн түрде өткізілген бата беру сайысы Алматы Орталық мешітінде қасиетті жұма күні қарсаңында қорытындыланды. Әділқазылар сайысқа қатысқан 22 ақсақалдың батасын тындап, батаның мазмұны, орындау шеберлігі, жатқа айтуы мен қазақы киім үлгісі бойынша критерийлері негізінде бағаланды. Үздік үштік анықталып, наиб мүфти Кенжеәлі қажы Қоңыратбайұлы қаржылай сыйлық және Алғыс

хатпен марапаттады. Атап айтсақ, I орын Құрбанәлі Абдыхайымұлы (Алатау ауданы) – 100 000 теңге, II орын Жайсаңбай Қаңтарбаев (Әуезов ауданы) – 70 000 теңге, III орын Берік қажы Әдиев (Медеу ауданы) – 50 000 теңге бұйырды. Ал қалған 19 ақсақалға ынталандыру ретінде қаржылай 10 000 теңге және барлық қатысушыға мүфтият баспасынан шыққан кітаптар жиынтығы салынған қорапша мен бас имам атынан Алғыс хат табысталды.

«Сан ғасырлар бойы ислам дінін ұстанған қазақ халқының рухани өміріндегі бата беру дәстүрін жалғастыру мақсатында Алматы Орталық мешітінің ұйымдастыруымен өткен «Ақ бата» сайысына қатысып, белсенділік танытқаныңыз үшін алғыс білдіремін. Алла Тағала рухани өмірде тұтастық пен бірлік, салт-дәстүрді жаңғыртуда жақсылықтың жаршысы болуды жазғай. Деніңізге саулық және өміріңізге береке тілеймін», – делінген Алғыс хатта.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖАМАУ-ЖАСҚАУ АЙЫ ЖАРТЫСЫНАН АУДЫ

«Кәрі-құртанды тауысатын» қаупі зор Қауыс есік қағып тұр. Ол қарашаның 25-іне дейін жалғасады

Қазекем қарашаны жамау-жасқау айы деп те атаған. Күз бен қыстың аралығындағы өтпелі кезең болғандықтан да, бұл айда шаруаға қолайсыз әртүрлі амал көп кездеседі. Сондай қауіпті амалдардың бірі – өткен пайымымызда сөз еткен «Қауыс» амалы. «Қарашада қауыс бар, кәрі-құртанды тауысар» немесе «қараша-қауыс, кәрі-құртанды тауыс» деген амалға қатысты мақал-мәтелдердің өзі бұл сөзімізге дәлел болғандай.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Табиғатпен етене араласып өмір кешкен бабаларымыз осы амал кезінде қыстаулық үйлерін бүтіндеп, жөндеуден өткізген. Қыстан аман-есен өте алады-ау деген қозы-лақ, құлын-бұзау, ботакандарды іріктеп қыстаулыққа апарып, қалған арық-тұрақтарды сататын болған. Басы артық малды қысқы жем-шөпке ортақ болмасын деп сойып алған.

Басқаша аталуы – ақ қар. Осы кезде жауған қардың ақ, жеңіл, жұмсақ болатындығына байланысты аталса керек. Ақ ұлпа қарда салқындық, аяз болмайды. Күн көзі жылт етсе болды еріп кетеді.

Амал уақтында ауа райында елеулі өзгеріс орын алып, күн біртіндеп суытады. Бұғылардың күйі келіп, әбден жараған олар үйірге түседі.

Амал кезінде қара суық көбірек көрініс береді. Күннің көзі көрініп тұрғанымен жылуы өте әлсіз болады. Бұл шуақты күндер мүлде болмайды деген сөз емес. Арагидік аспан ашылып, күн нұры аз да болса, төгіліп тұрады. Бабалар болжамы осылай дейді.

Қазекем қараша айын Қауыс деп те атаған. «Қараша келмей, қар



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Бұлт пен ай қимылына сәйкес жасалынған жорамал:

- * Бұлт желге қарай көмсе, онда кешікпей қар жауады.
- * Бұлт ортасынан ыдыраса, ауаның райы бұзылады.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.
- * Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- * Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- * Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жауатынын, ашық болса шуақты болатынын білдіреді.

жаумас» деген бұрынғы табиғат тамыршыларынан қалған тәмсіл бар. Аспан денелерінің қазіргі қимыл-әрекетіне назар аударатын болсақ, алдағы апта (17–24 қараша аралығында) ауа райы күрт өзгеріп, аспан әлсін-әлсін бұлттанып, салқын жел, қар аралас жаңбыр бой көрсететін сыңайлы.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қарашаның 17-сі. Ай жүйесі бойынша, айдың 22-сі. Ал қазақы есепке сүйенсек, қарашаның – 4-і. Апта қараша айының басы мен

ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Бұл күн райының салқындап, ертелі-кеш ызғырық болып, таңғы аяздың қауқары күшейетінін аңғартқандай. Жаңбыр, қар жиі көрініс беріп, қыраулы қыстың қыр астында тұрғанынан хабар бергендей. Аптаның соңында аяз сынатын сыңайлы.

Дегенмен, алда өзімен бірге жаңбыр мен қар, дауыл мен ызғар ала келетін қаһарлы амалдардың бірі – «Үлкен қараша» амалы бар. Қыстың алғашқы хабаршысы осы амал.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

СҮРІНБЕГІН, ҚҰЛАМАҒЫН!


Орталық мешіттен шығып, «Көк базарға» келе жаттым. Осы екі аралықтың өзі қайнаған тірлік. Ерсілі-қарсылы ағылған халық.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Екі жағына екі ауыр сөмке ұстап алып, екі жағына теңселе басып кетіп бара жатқан апаны көріп таңқалдым. Бүгінгідей қым-қуыт заманда әлі де күшін, жігерін жоғалта қоймаған неткен қайратты деп.

Өріректе қолтықтасқан, шаштарын ақ қырау шалған ерлі-зайыпты қария ақырын аяңмен, шүйіркелесіп барады.

Алдымызда кетіп бара жатқан балалы келіншектің балдырғаны қолды-аяққа тұрмай зыр жүгіріп барады. «Асқар, балам, тоқта деймін, құлайсың, жүгірме!» деп, соңынан жан ұшыра жүгіріп барады. Анасының өзін қуалап, бірақ оған жеткізбей бара жатқанына шықылықтап қуана күлген балақайға сүйсініп тұрғаныма,



сырт жағымнан тық-тық еткен өзгеше дауысты естідім.

Бұрылып қарадым. Көзі көрмейтін жігіт екен. Тықылдап келе жатқан қолындағы таяғының үні. Тас жолдың екі жағын алма-кезек таяғымен түртіп келеді. «Алдымда кедергі жоқ па, жол жиегіне шығып кетпейін» деген қорғанысы. Осынау Алматыдай алып қалада жалғыз өзінің жүруі үлкен ерлік шығар-ау дедім іштей. Өзі жылдам жүреді екен, әлде бір жерге асығып бара ма, қайдам. Мені басып озды. Алдыңғы жақтан жерде жатқан банан қабығын көрдім, бі-

реу лақтырып кеткен болар. Мені басып озған басқа бір жігіт, көзі көретін, әлгі зағип жігітке тез жетіп алды да, оны қолтығынан сүйемелдеп, оң жағына қарай ақырын ығыстырып, қайта жолға салып жіберді. Осы бір кішкентай ғана мейірімділік, қамқорлық лебі есіп тұрған қадамға ішім жылып қалды. Адамдар әлі де бір-біріне деген жүрек жылуын бере алатынына қуандым.

Бір сәт тық-тық еткен тықылдаған дыбыс менен де ұзай берді.

Бұл өмірде ешбір жан ешқашан сүрінбесін, құлаамасын!